



## ● СПАРТАКИАДА–2015



**Нұрболат  
МЕШІТБАЕВ**

Таяуда мемлекеттік қызметшілер арасында дәстүрлі қалалық спартакиада жалауын көтеріп, бұл додаға барлық жан атсалысып, бір-біріне қызу қолдау көрсетті. №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шаңғы

базасында қарақұрым халық, дүйім ел жиналып бір мәре-сәре күй кешті.

Мұнда тек шаңғымен жүгіру ғана емес, арқан тартыстан да жарыс өткізіліп, спартакиаданың көрігі қыза түсті.

Соның бел ортасында жүріп, командасына қолдау көрсетіп жүрген шаһар әкімі Ахметбек Ахметжановты да байқап қалдық.

– Бұл жарысқа қатысуды әу бастан ниет еткен едім. Қазір шұғыл жиналысқа кетуім керек боп тұрғанын

қарашы, – деді Ахметбек Масақбайұлы. – Бірақ біздің команданың әзірге аяқалысы жаман емес. Бытыр біздің құрама облыстық спартакиадада алтыншы орынды місе тұтқан еді. Енді биыл осы қалалық біріншіліктен жинаған бар күш-жігерлерін салып облыстық бөйгеде бірінші орынға тала-самыз деген ынталы ойда.



**СУРЕТТЕ: шараға қатысушылар.  
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

## Жастарға арналған жоба

**Қымбат  
ДОСЖАНОВА**

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ жанындағы "Жас Отан" ЖҚ "Еркін пікір" пікірталас алаңын ұйымдастырды. Басқосуға "Жастар кадрлық резерві" республикалық жобасының 2009-2014 жылдардағы қатысушылары жиналды. Іс-шарада жастардың бос уақытын тиімді өткізуі және жұмыспен қамту туралы айтылды.

Қостанай облысында 2009-2014 жылдары аралығында "Жастар кадрлық резерві" пар-

тиялық жобасына 27 жас көшбасшы қатысқан. Іріктеуден өткен қатысушылар "Нұр Отан"

партиясы жанындағы саяси менеджмент мектебінде және ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының базасында білім алып, тренингтен өтті. Аталған жастар ұлттық компаниялардың топ-менеджерлері және ҚР Мәжілісінің депутаттарымен кездесіп, жеке жобаларын қорғады. Сонымен қатар ҚР Парламенті мен Мәжілісінде, "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ-да

тәжірибеден өтті.

– Бытырғы жылы reserve.kz сайтына өтінім жаздым. Көп өтпей-ақ мені Астана қаласына әңгімелесуге шақырды. Елорда төрінде өзімнің жобамды қорғап, жастар саясаты мен қоғамға қосып жатқан үлесім туралы баяндадым. Осылайша бірінші кезең тренингтен өтуге жолдама алдым. Екінші кезеңде Мәскеуден келген тренерден көп нәрсені үйрендім. Аталмыш

жоба ірі ұлттық компанияларда бір ай тәжірибеден өтуге мүмкіндік берді, – деді жобаға қатысушы Әсел Мұстафина.

"Жастар кадрлық резерві" жобасы 2009 жылдан басталды. Сол уақыттан бері республика бойынша жобаға 340 адам қатысқан. Аталған жоба мемлекеттік қызмет пен қоғамдық шараларға белсене араласып, кәсіпкерлікпен айналысуды қалайтын жастарға зор мүмкіндік бермек.



## Облыс әкімінің атына алғыс

Айтолқын  
АЙҚАДАМОВА

ҚР "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ Басқарма төрағасы Л.Ибрагимов облыс әкімі Н.Садуақасовқа "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын жүзеге асыруда жеткен табыстары үшін ризашылығын білдіріп, Алғыс хат жолдады.

Бағдарлама жүзеге асқан сәттен бастап облыс көлемінде жаңа бизнес-бастамаларға бағытталған және "Даму" Қорының көпідігі бойынша екінші деңгейлі банктермен қаржыландырылған жеке 60 кәсіпкерлік субъектісі өз жобаларын жүзеге асырған. Оның ішінде былтырғы жылы 36 жоба қаржыландырылған.

Қостанай облысы әкімдігінің, "Даму" Қоры Аймақтық филиалының және банктердің бірлескен тиімді жұмысының арқасында, 2014 жылы 43 жоба мақұлданып, бұл республика бойынша 5-ші көрсеткішке ие болып отыр.

## Қорға құйылған қаражат

Биыл Науырзым ауданының құрылғанына – 50 жыл.

Осы шара кең көлемде аталып өтеді деп күтілуде.

Ауданда "Науырзым" қоғамдық қоры ашылған болатын. Осы қорға биыл алғашқы болып кәсіпкер, ауданның құрметті азаматы Өмірзақ Ихтиялов ауданда өткен алқалы жиында 3 млн. теңге бөлемін, деді. Мерекелік шараға дайындық бүгіннен жүргізіліп жатыр. Ауданда Жеңістің 70 жылдығына арналған шараларды өткізуге және мерекеге әзірлену үшін де қор құрылды.

## Шендері жоғарылады

Шұға  
ҚОҢҚАБАЙ

Жақында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәжіліс залында төтенше жағдайлар қызметкерлеріне салтанатты түрде кезекті арнайы шен беру салтанаты өтті. ҚР ІІМ 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №410 бұйрығына сәйкес өртке қарсы қызмет подполковнигі погоны облыстық департаменттің төтенше жағдайларды жою бөлімінің бастығы Толыбай Досмағамбетовке, департаменттің төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы Орынқыз Мендібаеваға берілді.

Департамент бастығы Талғат Кәкімов қызметкерлерге адал қызмет атқаруға және жүктелген міндеттерді лайықты орындауларына тілектес екенін білдірді. Шені өскен қызметкерлерді лауазымды атақтары үшін еріптестері де құттықтады.

## ● ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

## Жұмысшы тобының отырысы өтті

Айбек  
КӘДІРҰЛЫ

Қостанайда "Нұр Отан" партиясының сайлауалды тұғырнамасына сәйкес "Инновациялық экономика" тақырыбында эксперттік топтың кезекті отырысы болып өтті. Онда партияның сайлауалды платформасында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру, облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының жұмысы талқыланды. Сондай-ақ, өңірлік куратор мен эксперттік топтың үстіміздегі жылға бекіткен жұмыс жоспарлары қаралды.

Жалпы, "Инновациялық экономика" эксперттік тобына мемлекеттік органдардың басшылары, "Тобыл" ӘКК, үкіметтік емес ұйымдардың, зиялы қауым өкілдері, партия жетекшілері енгізілген.

Отырыста облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Мейрам Сәкітбаев өткен жылы атқарылған жұмыстары жөнінде есеп берді.

"Қостанай облысы еліміздегі бірден-бір өндірістік аймақ, – деп атап көрсетті ол. Облыста барлығы 117 ірі және орта өндіріс ошақтары жұмыс істейді. Өткен жылы осы кәсіпорындар 532,5 млрд. теңгенің өнімдерін өндірген. Жан басына шаққандағы физикалық индекс көлемі – 100,2 пайызға тең. Осы уақыттар аралығында кәсіпорындар 241,9 млрд. теңгенің өнімдерін шығарды".

М.Сәкітбаевтың сөзінше, 2014 жылы машина жасау, металлургия және азық-түлік өндіру салаларындағы өндіріс көлемінің ұлғаюының арқасында өндіріс көлемі артты.

Жиында "Тобыл" ӘКК төрағасының орынбасары, инновацияны қолдау және инвестиция тарту орталығының директоры Рамазан Тлеоф өңірдегі кәсіпкерлерді қаржылай қолдау барысына тоқталды.

– 2014 жылы Сарыкөл ауданындағы "Силкин" ЖК 2 млн. теңгенің гранты ұсынылды. Ол желден электр энергиясын өндіретін қондырғы жасауды қолға алып отыр. Сондай-ақ, мемлекеттік көмек "Технологиялық әріптестік жөніндегі Ұлттық агенттік" АҚ арқылы да көрсетіледі, – деді өз сөзінде Р.Тлеоф.

"Тобыл" ӘКК төрағасының орынбасарының айтқанындай, иновациялық гранттар "СарыАрқаАвтоПром" ЖШС-іне де берілген. Жалпы, біздің өңірде инновацияны жаңғыртуға 32 үміткер қатыстырылды.

Эксперттік топтың өңірдегі кураторы Алма Досжанова Жаңашыл инновацияның тиімділігі, тек технологияға ғана емес, оның қызметіне де тікелей байланысты екендігін атап өтті. Сондықтан қазіргі таңда инновация өндіріс ошақтарымен қатар, білім мен ғылым саласында да ауадай қажет

## Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесі мүшелерінің Үндеуі

**Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері ҚР Парламент Мәжілісіндегі ҚХА депутаттық тобына, саяси партияларға, үкіметтік емес ұйымдарға және бүкіл Қазақстан халқына Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізуге бастама көтеру туралы Үндеу жолдады.**

Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесі мүшелері, болашаққа жауапкершілігімізді сезіне отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жақтастары әрі Отанымыздың патриоттары ретінде халыққа үндеу жолдаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясына Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастама көтеріп, еліміздің барлық өңірлерінен көптеген азаматтар хабарласуда. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы маңызды мәселе бойынша ұстанымын білдіруді өзінің азаматтық борышы деп санайды. Әлемдік экономикалық дағдарыс пен күрделі халықаралық жағдай орын алып отырған тұста сайлау өткізу туралы жалпыхалықтық бастаманың көтерілуі уақыт талабы болып табылады.

Жаһандық сын-қатерлер кезеңінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанды дағдарыстан алып шығуына мүмкіндік беретін жаңа сенім мандаты берілуі қажет. Әлемде тұрақсыздық орын алған жаңа әрі күрделі кезеңде еліміз стратегиялық бағытынан айнымай, Қазақстанды жаңғырту және дүниежүзінің озық 30 елінің қатарына енуі үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа сенім білдіру қажет. Сонымен қатар Елбасына сенім мандатын білдіру арқылы әлемдік дамудың жаңа кезеңінде халқымызды біріктіріп, мемлекетті дамытудағы маңызды мәселелерге ден қоюға мүмкіндік аламыз. Бүгінде "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" бағдарламасын және "Қазақстан – 2050" ұзақ мерзімді стратегиясын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімізді біріктіру керек. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясат төңірегінде топтасу арқылы еліміздің одан әрі қарқынды дамуы

мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз.

Сондықтан осы күрделі заманда біз барша қазақстандықтарды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың төңірегінде топтасуға шақырамыз.

Президенттік сайлауды өткізу арқылы экономика өсімін нығайту, жүргізіліп отырған саясаттың сабақтастығын қамтамасыз ету маңызды. Бұл бастамаға шын мәнінде, басқа балама жоқ. Сонымен бірге ендігі 2016 жыл: Президенттік және Парламенттік сайлаулар бір мезгілге сәйкес келеді. Конституция нормаларын бұлжытпай орындау мақсатында екі сайлауды әртүрлі кезеңдерде өткізген жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Отанымыздың орнықты дамуы мен алға жылжуына бағытталған бастамаларды қашанда қолдап келді және болашақта да солай бола бермек.

Осы жалпыхалықтық бастаманы көтере отырып, қазақстандықтар тарапынан да, халықаралық қауымдастық тарапынан да қолдауға ие боламыз деген сенімдеміз, өйткені біз халқымыз бен еліміздің биік мүддесін көздеп отырмыз.

Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

Қазақстан жылдан жылға гүлденіп, әлемнің белді әрі беделді мемлекетіне айнала берсін!

Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесі мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттар тобына Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастама көтерсін деп үндеу жолдаймыз.

Қазақстандықтар әлемнің ең озық отыз экономикасы қатарына енгуге мүмкіндік беретін "Қазақстан – 2050" стратегиясын жалғастыруды қолдайды!

Қазақстандықтар "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" бағдарламасын қолдайды! Қазақстандықтар ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуды, одан әрі дамуы қолдайды!

Біз барша Қазақстан халқын, саяси партияларды, азаматтық секторды және еліміздің патриоттарын Қазақстан Республикасы Президент сайлауын өткізу туралы бастаманы қолдауға шақырамыз!

## ● ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ: ОЙ, ПІКІР, ҰСЫНЫС

## Ұсынысты толық қолдаймын



ҚР Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы ұсынысты мен өз басым толық қолдаймын. Неге десеңіз, қазіргідей әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде біздің елімізде мер-

зімінен бұрын сайлау өткізу "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға, "Қазақстан – 2050" Стратегиясында көрсетілген елімізді дамытуға бағытталған бағдарламаларды дамытуға мүмкіндік береді. Әлемде тұрақсыздық орын алған жаңа әрі күрделі кезеңде еліміз стратегиялық бағытынан айнымай, Қазақстанды жаңғырту және дүниежүзінің озық отыз елінің қатарына енуі үшін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа сенім білдіру қажет.

Президентке сенім білдіру арқылы әлемдік дамудың жаңа кезеңінде халқымызды біріктіріп, мемлекетті дамытудағы маңызды мәселелерге ден қоюға мүмкіндік аламыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы маңызды мәселе


бойынша ұстанымын білдіруі және барша қазақстандықтарды Елбасының төңірегінде топтасуға шақыруы өте құптарлық іс. Қалай болғанда да, Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу арқылы экономика өсімін нығайту, жүргізіліп отырған саясаттың сабақтастығын қамтамасыз ету маңызды. Бұл бастамаға шын мәнінде басқа балама жоқ. Сонымен бірге ендігі 2016 жылы Президенттік және Парламенттік сайлаулар бір мезгілге сәйкес келеді. Конституция нормаларын бұлжытпай орындау мақсатында екі сайлауды әртүрлі кезеңдерде өткізген дұрыс.

**Қалқаман ЖАҚЫП,**  
**А.Байтұрсынұлы атындағы**  
**ҚМУ профессоры.**

## Елін сүйген Елбасымызға сенейік!

Жақында Астанада Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысы өтті. Ол туралы теледидардан көріп, басылымдардан оқыдық та. Сонда кеңес мүшелері бір ауыздан Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы азаматтардың Ассамблеяға жасаған ұсынысын қолдайтынын жеткізген еді. Елбасымыз да Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі ұсынысты қабылдады.

Жалпы, бұл саяси жаңалыққа елең етпеген адам жоқ та шығар. Бірақ, жұртшылықтың дені бұған түсіністікпен қарап, қолдау білдіруге тырысуда. Өйткені, аса бір қиын кезеңде ел тізгінін ұстап, дағдарған халықты бүгінгі жарқын болашаққа жеткізе білген көреген



басшы, салиқалы саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жөнкешті еңбегін ұмытуға өсте болмас. Сол себепті де, сонау нарық жылдары енді ғана егемендік алған елімізді аяғынан тік

тұрғызып, бүгінгі бөлеске жеткізіп, тіпті кейінгі әлемдік дағдарыста да елдің еңсесін түсірмей, жаппай жұмыссыздықтың орын алуына жол бермеген Елбасымыздың қазіргі әлемдік дағдарыстан да өз халқын сүріндірмей алып шығатынына бек сенімдіміз. Көрші елдердегі жағдайды көріп, өзіміздегі тыныштық пен береке-бірлікке шүкіршілік етуіміз керек. Өз басым Ассамблеяның ұсынысын қолдаймын. Себебі, ұлтаралық татулықты берік етуге үлес қосып келе жатқан саяси құрылымның қалт айтпайтынына да сенімдімін. Әрі барша жұртты да мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы ұсынысты қолдауға шақырамын.

**Әкімбек қажы ҚАБДЕН.**  
Әулікөл ауданы.

## • Кәсіподақ

## Маңызды мәселелер талқыланды

Ермекбай  
ХАСЕНОВ

Айта кету керек, облыстық кәсіподақтар кеңесі қайта құрылған болатын. Бүгінде бұл мекеме кәсіподақтардың үйлестіру кеңесі деп аталады. Оған облыстағы аймақтық құрылымдық салалық кәсіподақтар өкілдері біріккен.

Таяуда аталған кеңестің жұмысшы жиыны өткізілді. Шараға облыстық еңбек инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Б.Макеев, З.Жұмабековалар қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе өзара ынтымақтастық туралы облыс

әкімдігі арасындағы қол қойылған меморандум туралы болды. Меморандумға жұмыс берушілер және өндірістік процестерді тұрақтандыру, еңбек құқықтарын сақтау және қалалар мен аудандарда еңбекке орналастыруды қамтамасыз етуші кәсіподақ ұйымдары да қол қойған-тын.

Сонымен қатар, басқосуда ұжымдық келісім-шарт мәселелері, облыстық әкімдіктің және облыстық қызметкерлер бірлестігінің, облыстық жұмыс берушелер бірлестіктерінің жобалары, биылғы жылғы әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік, еңбек қатынастарын реттеу туралы жобалар талқылауға ұсынылды.

Жиынды облыстық кәсіподақтар үйлестіру кеңесінің төрайымы Балбөпе Ертаева кіріспе сөз сөйлеп ашты. Балбөпе Ғалымжанқызы қолданыстағы меморандумның маңызы мен мәні туралы кең түрде баяндады.

Облыстық еңбек инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Бақытжан Макеев ұжымдық келісім-шарттың өміршеңдігіне тоқталды.

Білім және ғылым жөніндегі облыстық кәсіподақтар ұйымының төрайымы Зияда Ділдебекова, пошта байланыстары кәсіподақтар ұйымының төрағасы Аманкелді Жүсіповтар пікірлерін ортаға салды.

## Ардагерлер турнир өткізді

Мұрат  
ЖҮНІСҰЛЫ

«Жігер» стадионында Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 26 жыл және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналып, ардагерлер арасында

футзалдан турнир өткізілді.

Турнирдің салтанатты ашылуында қалалық спорт бөлімінің басшысы Ж. Жапарұлы, ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Айтмағанбетова, Ауған соғысының ардагері М.Бәлдіковтер құттықтау сөз сөйледі.

— Жыл сайын 15 ақпан күні қарсаңында осындай шараларды ұйымдастырып тұрамыз. Мұндай жолдастық кездесулердің берері мол. Командалар бір-бірін жақсы біледі. Бүгінде бастарын ақ қырау шалған ардагер спортшылар кешегі күннің жігерлі жастары болатын. Көптен көрмеген бауырларымызбен төс түйістіріп, мәре-сәре болып жатырмыз, — дейді Ауған соғысының ардагері Ғалымжан Ерназаров.

Тартысты ойынның нәтижесіне тоқталар болсақ, I орынды Ақмола облысының «Астрахан» командасы, II орынды Жарқайың ауданының ардагерлері, III орынды Арқалық командасы иеленді. Жүлделі орын иелері грамоталармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

СУРЕТТЕ: Турнир көрінісі.

Суретті түсірген автор.  
Арқалық қаласы.

## • Саламатты Қазақстан

## Мақсат — обырдың алдын алу

Қарлығаш  
ОСПАНОВА

Обырға қарсы күрес күніне орай, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары «Большевичка» тігін фабрикасында арнайы акция ұйымдастырды.

Шара барысында мамандар фабрика жұмысшыларына қатерлі ісік аурулары туралы, оның алдын алу мен емделу жолдары туралы кеңінен әңгімеледі. Дәрігерлердің айтуынша, бүгінгі таңда онкологиялық аурулардың алдын алуда скринингтік тексерулердің көп көмегі тиюде. Мәселен, 2013 жылы елімізде 7 млн. астам адамға скринингтік тексерулер жүргізілген. Оның ішінде сүт безінің қатерсіз және қатерлі ісігін ерте анықтауға 379 903 әйел қаралып, нәтижесінде сүт безі обырдың 530 жағдайы анықталған. Сондай-ақ, қазіргі кезде әйелдер арасында кең таралған жатыр мойны обырын ерте анықтауға да 446 мыңнан астам әйел тексерістен өтіп, 170-нде әлгі дерт анықталған. Сонымен қатар, онкологиялық аурулардың ішінде



өңеш пен асқазан, қуықасты безі, бауыр обырын анықтауға да скринингтік тексерулер жүргізілген.

— Біздің онкүндік аясында өткізіп жатқан шарамыздың басты мақсаты — онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте кезеңде анықтау мәселелері бойынша тұрғындардың және медициналық қызметкерлердің хабардарлығын арттыру, сондай-ақ, скринингтік тексерулерді уақтылы өтудің қажеттігі жөнінде халықты ақпараттандыру. «Большевичка» тігін фабрикасын да біз бекерден-бекерге таңдап

алған жоқпыз, себебі мұндағы еңбек етіп жатқандардың дені қыз-келіншектер. Ал, қазір әйелдер арасында сүт безі мен жатыр мойны тәрізді қатерлі ісік аурулары жиілеп барады. Сондықтан, бүгінгі шара барысында біз мұндағы нәзік жандыларға аталған аурулардың алдын алу туралы кеңінен әңгімелеп, тегін брошюралар таратудамыз, — дейді бағдарлама үйлестірушісі Рабиға Наукенова.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.  
Суретті түсірген А.Жүзбай.Тобыл  
Торғай  
Тынысы

## Үздіктер сынға түсті

**Облыста.** Қостанай политехникалық колледжінде алғаш рет «Үздік мамандық – 2015» атты өңірлік іріктеу байқауы болып өтті. Байқауға облыстағы барлық техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының «IT-мамандығы» бойынша қатысқан студенттер өздерінің кәсіби шеберліктерін көрсетті. Байқау жеңімпаздары Бразилияның Сан Паола қаласында өтетін халықаралық WorldSkills чемпионатына қатысуға мүмкіндік алды.

## Қауіп қайдан деменіз

**Сарыкөл.** Аудандық №16 Өрт сөндіру бөлімінде газ қауіпсіздігіне арналған оқыту семинары болып өтті. Басқосуда мамандар «Тұрғын үйлер мен пәтерлерге орналастырылатын газ баллонды қондырғылардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» және «Газ баллонды қондырғыларды орнату жөнінде қойылатын талаптар» туралы тілге тиек етіп, тыйым салынған тұстарды қатаң ескертті. Яғни, газ баллонның МСТ талаптарына сәйкес келуі, сынақтан өтуі, пайдалану саласы көрсетілген ҚР сәйкес сертификаты болуы тиіс.

## Әлеуметтік нысандар жаңартылуда

**Қостанай ауд.** «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында, ауданда 16 жоба жүзеге асырылды. Атап айтар болсақ, мектептер мен дәрігерлік амбулаториялар, әлеуметтік нысандар жаңартылуда. 9 мектеп, 3 мәдениет ошағы, ауыл-аймақтардағы дәрігерлік қосындарды жаңарту мақсатында, 616 млн. теңге жұмсалған. Бағдарлама аясында 30 адам оқытылып, тұрақты жұмыспен қамтылған.

## Кәсіпті нәсіп еткендерге

**Қостанай қ.** Қалада «Қарапайым қызметкерден кәсіпкерлікке» деген айдармен арнайы семинар ұйымдастырылды. Айтулы шараны кәсіпкерлік палатасының қолдауымен, «Атамекен Startup» жобасы жеңімпаздарының ұйымдастырғанын айта кеткен жөн. Оқытуға 30 адам қатысты. Оларға кәсіптік жобаны жасау, маркетинг жүргізу жолдары түсіндірілді. Семинар үш күнге созылды.

## Тәжірибесімен бөлісті

**Облыста.** Қостанай педагогикалық колледжінде облыстық халық шығармашылығы орталығы шеберлік сыныптарын өткізді. Бұл жолы облыс аумағындағы вокалды ансамбльдер мен мәдени ұжымдар хор жетекшісі Н. Авдеевадан көп дүниені үйренді. Білгендерін ұштап, шыңдала түсті. «Мұндай оқыту сабақтарының мәдениет саласының дамуына пайдасы зор» — дейді ұйымдастырушылар.

## Мас жүргізуші – қоғамға қауіп

**Жетіқара.** Ішімдіктің буымен мотоцикл жүргізген 49 жастағы тұрғын 20 күнге қамауға алынды. Қақаған аязда мотоциклмен құйғытып жүрген жүргізуші тәртіп сақшыларының назарына бірден іліккен. Тексеру барысында, ер кісінің ішкені және көлік жүргізу куәлігінің жоқтығы анықталыпты. Осыны ескерген аудандық сот кінәліні ҚР ӘК 608 бабына сай жазаға тартты.

## Дәстүрлі дін насихатталды

**Арқалық.** Торғай аграрлы - техникалық колледжінде «Дін ислам – діңгегің» атты ізгілікті іс - шара өткізілді. Жиынға қатысқан Арқалық қалалық мешітінің наиб имамы Нұрхан қажы Асанұлы «Ислам дінінің ерекшеліктері» хақында, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Айтмағамбетова «Экстремизм және терроризм кеселдері» туралы түсінік берді. Өз кезегінде колледж шәкірттері имандылықты ту еткен әуезді әндерді шырқап, дінімізді ұлықтаған ақындарымыздың жыр жолдарын мәнерлеп оқып берді.



Жанділдә МАҚАНОВ:



# Тіршіліктегі тірегің – пейілің мен жүрегің

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы, әлеуметтану ғылымының кандидаты Жанділдә Мақановпен сыр-сұхбат



**Сәлім  
МЕНДІБАЙ**

**Журналист:** Жанділдә Қожахметұлы, біздің еліміз, Тәуелсіз Қазақстан бүгіндер талай ұлт өкілдерінің құт мекені, ыстық ұясы, ортақ Отаны. Түрі басқа тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір жүздеген ұлттар мен ұлыстардың бақытын тапқан, шаңырақ көтеріп, ұрпақ жайған алтын бесігі. Ата-бабаларымыз найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған қазақ жері бай, өзін осы қасиетті жердің жалғыз түйір дөнімін деп санаған жандар үшін оның құшағы ашық, көңілі кең, ықылас-пейілі ерекше. Дархандықты даласынан дарытқан қазақ халқының төрі әрдайым дайын, дастарқаны жаюлы. Ал бүйректен сирақ, қитықтан ситық шығарып, құрыққа сырық жалғап, тәуелсіздігімізге көз алартып, ағайын арасына іріткі салып, көсемсіген келімсектермен сөз басқа. Дегенмен Қазақстанда бейбітшілік пен өзара түсіністік, азаматтық келісім рухын сақтау, оны дамыту, Қазақ елінің гүлденуі үшін жаппай жұмылдыру республикадағы басты этнос ретінде қазақ халқына ерекше жауапкершілік жүктері хақ. Біз өз елімізде отырып, өзгені өзекке тейіп жатсақ не болғаны. Осы орайда Сіз ішкі саясат мәселесімен көптен бері айналысып жүрген маман, әлеуметтанушы ғалым ретінде не айтар едіңіз?

**Ғалым:** Бұл ретте Елбасы айтқан бір пәтуалы сөз еске оралып тұр. Ол кісі «...қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Ашу емес, бәрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды», – деген еді.

Бүгіндер әлемдік кеңістікте Қазақстанның өзіндік орны бар. Қазақ елін бүкіл әлем таныды, онымен санасатын болды. Жыл өткен сайын Қазақстанның беделі де, экономикалық күш-қуаты да, рухани әлеуеті де жоғарлап келеді. Соның бәрі елдегі тұрақтылықтың, ұлтаралық келісім мен бірліктің арқасы. Осындай үрдіске жетіп, Қазақстанды әртүрлі



ұлттар мен ұлыстардың ортақ Отанына айналдыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі тым ерекше, сондықтан да болар биылғы жыл Қазақстан халқы

**Ғалым:** Расында да, бұл көріпкел дана басшының жүрегі жарып шыққан жан сыры еді. Оның қаншалықты маңызды болғанын соңғы жылдар тәжірибесі



насы» ұлтаралық келісім сияқты аса бір нәзік мәселенің қиюын қиыстыратын бүкіл әлем тарапынан қолдау тапқан құжат болды.

**Журналист:** Жанділдә Қожахметұлы, біздің қазақта өз ұлтының төлқұжаты дерлік талай таутұлғалар бар: Абай, Шоқан, Ыбырай, Мұхтар, Қаныш, Әлкей... Осы шоғырдың жалғасындай жарқ еткен Олжасты кім білмейді? Оның «Азия»-сы көшегі алып империя – Кеңес Одағының өзін селт еткізіп еді. Сол кітабы өзіне пәле болып жабысты, Қазақ елін сол тұста басқарған Дінмұхамед Қонаев ағамыздың беделі мен ықпалы болмағанда Олжас Омарұлының тағдыры не боларын кім білсін?

Олжекеңнің «Земля, поклонись человеку!» атты дастаны өршіл рухымыз бен достық пиғылымыздың одасы ғой, шіркін! Сол таутұлғаның «Тауларды аласартпай даланы асқақтатайық!» деген тауып айтқан тіркесі нақыл болып кеткелі қашан?!

Дегенмен де, «тауларды аласартпаймыз» деп жүргенде даламыз жұтаң тартып қалмай ма?

**Ғалым:** Олжас дәуір тудырған дана дарын. Қазақ десе ойда Олжас тұрады. Бой қандай, ой қандай, дауыс қандай... Егер ол өлеңін орысша жазбаса, орыстардың да жер бетіндегі халықтардың бәрімен бірдей екенін қалай дәлелдер еді. Дәлелдегені емес пе, «Азия»-ға айтар дәлелді уәжі болмаған Мәскеу академиктері мен Саяси Бюроның да селт ете қалғаны. Сөйтіп, сезікті секірді.

Бүгіндер Қазақ елінде қанша Олжас бар, білмеймін. Бірақ адуынды ақынның атын алған ұлдарымыз аз емес.

Менің ұлымның аты да Олжас. Достарым Жомарт Нұрғалиев пен Сағындық Сүлейменовтың ұлдары да Олжас. Біз кезінде Саяси Бюроның тепкісіне түскен ақынымызға қолдауды солай білдірдік. Сағындықтың баласы – Олжас Сүлейменов, сол інісіне үлкен Олжас «Определение берега» деген кітабына «Олжасику от Олжасище» деп қолтаңба беріп, сыйлапты. Өз кітапханамда да ақынның сыйға тартқан кітабы бар. Ол – әйгілі «Азия»-сы.

Олжас Омарұлының «Алла тағала маған ұл берген жоқ. Бірақ Қазақстанда қанша Олжас болса, соның бәрі менің ұлым» деген сөзі бар. Шындығы да со-

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:**

**"Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік берекесі. Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз".**

Ассамблеясының жылы деп жарияланды.

Облыста оның тұсаукесері 6 ақпан күні салтанатты жағдайда өтті.

1995 жылы 1 наурызда Ассамблеяның алғашқы сессиясы өтті. Содан бергі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық, конфессияаралық татулық пен ел бірлігінің пәрменді құралына айналды. Өзара түсіністіктің ешкімге ұқсамайтын Қазақстан жолы дүниеге келді. Бұл орайдағы Қазақстан тәжірибесі жалғанның жалпағына тарап, бүкіл адамзат мүддесіне қызмет етуде.

**Журналист:** Жәке, осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің сол Ассамблеяның алғашқы сессиясында сөйлеген сөзі еске оралып отыр. «Мен елімнің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең-байтақ жерімде татулық пен тыныштық болғанын тілеймін. Мұның, ең алдымен, миллиондаған қазақстандық отбасына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп, жыламағанын қалаймын», – деді ол.

анық аңғартты. Бұрынғы кейбір одақтас республикалардағы қантөгіс, балаларын жоқтаған шашы ағарған аналар, мүгедек болған сәбилер, қасірет шеккен қариялар... Жаның түршігеді. Осындайда дана халқымыздың «Бірлік барда тірлік бар» деген дана пайымы еске оралады.

Міне, сол бірлік, оны нығайту, татулық пен ұлтаралық келісімді көздің қарашығындай сақтау біздің ең басты парызымыз, күнделікті айналысар ісіміз болса керек. Мамыражай тіршілікте өмір сүріп жатқан ұрпақ өмір бойы осылай болды, бола да береді деп ойлауы әбден мүмкін. Әлбетте, солай болсын! Бірақ сақтықта қорлық жоқ. Ұлтаралық, конфессияаралық мәселеде ешқашан ұсақ-түйек болған жоқ, болмайды да, міне, сондықтан да бұл бағыттағы жұмысты күн сайын, сағат сайын назардан шығармау бүкіл елдің, соның ішінде ішкі саясатпен айналысатын құрылымдардың да басты міндеті болса керек.

Қазір қай облыста болмасын «Достық үйі» бар, ұлттық-мәдени орталықтар өз қандастарының тілі мен салт-дәстүрін ізденіспен насихаттайды, Қазақстан Парламентінің Мәжілісінде Ассамблеядан сайланған тоғыз депутат сол ұлыстардың мүддесіне де қызмет істейді.

Оның үстінде Қазақстанда этносаралық қатынастарды реттеудің заңнамалық базасы жасалды. «Ел бірлігі доктри-



лай.

Шынайы патриот Олжекең бір өлеңін «Бисмилла!» деп бастап, «Я родился в седле, умерая в цепях» деуі де тегіннен тегін емес-ау... Бұл баяғы «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып Дулатовтың «Тұлпар болып тусам да, тулақ құрлы құным жоқ» деген өктем үнімен астасып жатқан жоқ па?

Біз бұдан бұрынғы бір сұхбатымызда Міржақып Дулатовтың әйгілі «Оян, қазағын» айта келіп, бүгінгінің ұраны «Ойлан, қазақ!» дегеніміз бар еді. Олжастың да бүкіл шығармашылық әлеуеті, бүкіл ақындық, азаматтық, қайраткерлік қызметі де сол ойлануға, толғануға, зерделеуге бастайды.

Адамзат өркениеті бір ұлттың немесе бір ғасырдың жемісі емес. Жер бетінде адамзат пайда болғалы олар бір-бірімен етене араласып, бір-біріне кірігіп, бір-біріне бауыр басып келеді. Соның бір жарқын мысалы, дәлелі де Олжастың «Азия»-сы. Оған Иштван Қоңырдың, Мұрат Аджидің, Лев Гумилевтің, тағы басқа тарихшылар мен зерттеушілердің еңбегін қосыңыз.

Қазақ тілі – бай тіл. Оны әлем мойындады. Ал сол ана тілімізге өзге ұлт сөздері де табиғи кірігіп, төл ұғымымызға айналды ғой, мысалы, самауырын, бөкебай, кітап, дәптер, қалам, мұғалім, тағы басқалары. Ал, салт-дәстүрлеріміздің де бір-біріне сіңісті болып, жарасым тапқалы қашан.

Қазақ халқы кешегі зұлмат, қиын-қыстау кездері көптеген қуғын көрген халыққа құшағын ашты. Сөйтіп, осы дархан далаға корейлер, шешен-ингуштар, немістер, поляктар, қарашай-балкарлар, тағы басқа ұлт өкілдері бауыр басты. Сондай жандардың бірі кеше ғана

дүниеден өткен жазушы, гуманист Герольд Бельгер ағамыз еді. Марқұм бүкіл саналы ғұмырында қазақтың мұңын мұңдады, жоғын жоқтады, қазақтың жырын жырлады, қазақтың мүддесін қорғады. Алматыдағы қазақ зираты – Кеңсайға, Асқар Сүлейменов досының жанына жерлеуді өсиет етті...

Ал енді қазақ халқының шынайы достары әзірбайжан Асылы Османованы, орыс Надежда Лушникованы кім білмейді. Қазақ тілін қазағынан жақсы білетін, сол тілде ғылыми зерттеулер мен өлең жазатын, айтысқа да түсетін бұл кісілерді мемлекеттік тілдің нағыз жана-шырлары десек жарасар...

Сіз атап кеткен біртуар тұлғалар шыңның басындағылар. Қарапайым қоғамда екінің бірі ол кісілердей бола бермейді, әрине. Оларды тудырып, шыңға шығаратын да қарапайым халық қой. Мәселе бұл жерде оларды танып, түсінуде. Бір кісінің айтқаны бар «Үлкен басқарушыны мақтағаннан гөрі, түсінген абзал».

Қандай халық болса да, қандай қоғам болса да соны алға тартатын адам болу керек. Оған біздің Елбасымызды да қосуға болады. Ол өзі ғана жетістікке жетпей өзінің жан жағындағыларды идеямен қамтамасыз етіп, соған ұйымдастырып, соған тартты. Біздің дамыған 30 ел қатарына қосыламыз деген идеямыз – бұл да үлкен міндет, үлкен абырой. Мысалы Ахандарды алып қарасаңыз, алға қойған мақсаты қандай, сол кездегі қазақ халқы сауатсыз, надан болды. Бүгінгі күн биігінен қарағанда надандық деген сөзді әртүрлі мағынада қолдануға болады. Хат танымаған адам надан деп айтсаң, ол бір түсінік, одан бөлек рухани надандық бар. Қалтасында күректі дипломы бар,

бірақ рухани таяз адамдар бар қазір. Бәрінен жаманы сол.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болам», – деді Сұлтанмахмұт. Міне, сол заман зиялыларының алға қойған басты міндеті халқының сауатын ашу, білімді жұрт қатарына қосу еді.

Қаныш Сәтбаев сол кездің өзінде «Алгебра» оқулығын жазды. Өйткені ол өз елінің өркениетке жететінін, сол жолда бір қажетіне жарайтын оқулықтың керек екенін жүрегімен, бар болмысымен түсінді. Мұндай іргелі іске өз халқын құлай сүйген таутұлғалар ғана бара алады. Бірақ сол Қанекөңдер қанша биікке самғаса да өзін халқының қарапайым ұлы санады, өз халқының ұлылығына табынды.

Сол халық үшін қызмет етті. Ол түбінде қазақ тәуелсіз мемлекет болады, сонда тақыр болып қалмайық деген ойдан ұлан-ғайыр істер туындатты. Бүгіндер құдайға шүкір, сол алгебраны түсініп, оқитын жастар бар. Қазір бір жылда елімізде 250000-ға жуық бала мектеп бітіреді. Оның ішінде қазақ елінде тұрып жатқан әр түрлі ұлттың ұл-қызы бар. Олар қазақы тәрбие алып, тарих пен әдебиетті оқыған ұлдар. Яғни Тәуелсіз Қазақстанның болашағы да солар. Төрт жылда – миллион. Біздің егемен еліміздің тұтқасын болашақта сол сенімді ұрпақ ұстайды. Дархан даламызды асқақтататын да, міне, осы буын.

Бүгіндер Назарбаев зияткерлік мектептері жұмыс істейді. Еліміздің элитасы сонда даярланады. Олар осы заманғы техниканы, компьютерді жетік меңгерген жандар болады. Ал рухани элита генетикалық кодқа байланысты. Оны заман тудырады, оларға жол ашу биліктің де, бәріміздің де міндетіміз.

**Журналист:** Осы арада мемлекеттік тілдің мәртебесі, оның қолданыс аясы, болашағы туралы толығырақ тоқталып, тарқатып айта кетсеңіз...

**Ғалым:** Мемлекеттік тілдің мәртебесі Ата заңымызда көрсетілген. Ол жылма-жыл дамып, қолданыс аясы кеңіп, еліміздегі барлық халықты топтастырушы факторға айналып келеді. Тәуелсіздік алғалы қаншама қазақ мектебі ашылды, қаншама балабақшада бүлдіршіндер қазақ тілінде тәрбиеленеді. Бір айта көтерлігі, өзге ұлт өкілдері де қазақ балабақшасына барып, қазақ мектептерінде оқи бастады. Орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін

оқытуға ерекше маңыз беріледі.

Әлбетте, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы әлі де болса тар, біздің билік, банк, сот және басқа құрылымдар жұмысты ресми тілде жүргізуге бейім. Дегенмен сең қозғалды, уақыт өткен сайын мемлекеттік тіл өз тұғырына көтеріліп келеді. Оны көзсіз адам ғана көрмейді.

Тағы бір айта көтерлік жайт, тіл саясаты – аса бір нәзік, әркімнің де мүддесіне қатысты дүние. Сондықтан да мұндай мәселеде белінен басу, асығыстық жараспайды.

Біз бұл мәселені екі деңгейде қарастырар болсақ, біріншісінде ұлттық деңгей, яғни, Қазақстанда болып жатқан жағдай. Кезінде облыстық партия комитетінде қызмет атқарып жүргенде Торғайдың бір алыс "Родник" деген совхозында болдық. Сонда «Улица строительный» деп жазулы тұр екен, сосын директордың кабинетінде «приемный» деп жазылып тұр екен. Сонда мен олардан сұрадым, осы сіздерге қажет пе? Екеуі де қате жазылған. Орыс тілінде жаз деп, осыны сұрап жатқан адам бар ма? Жанкелдин ауданында 14 000-ға жуық адам тұрса, соның 97-і ғана өзге ұлт өкілдерінен. Сондықтан орыс тіліне қажеттік бар ма деген сұрақ туындайды. Бірақ ол кезде саясат солай болды. Енді сол күн мен қазіргі күнді салыстырсақ жер мен көктей. Тіл деген ғылымның бір бөлек саласы. Тілді саясаттандыруға болмайды. Тіл өте тереңде жатқан дүние. Өйткені тіл халықтың руханиятының ең басты белгілерінің бірі. Оны дамытып, келесі ұрпаққа жеткізу керек. Ал бұл процесс әртүрлі дамиды. Өйткені адамды үндемей де тәрбиелеуге болады. Мүмкін адам үндемей-ақ көп ақпар беретін шығар. Үндемегенмен өзінің көзқарасын білдіруі мүмкін болып жатқан жайт та бар. Дүниежүзінің картасын қарасаңыз екі тілде сөйлейтін елдер аз. Бірақ олардың бәрі де өте жақсы дамыған елдер. Швейцарияны, Канаданы алыңыз. Ауқымды жері бар, миллиардқа тақуа халқы бар Үндістанның өзін алып қарасақ екі тілді. Сондықтан оны кемістік деп есептеуге болмайды. Екі тілді бір-біріне қарама-қарсы қоюға болмайды. Қазақ халқының екі тілділігі оның кемістігі деп емес, артықшылығы деп қарастырғанымыз абзал. Қазақтың екі тілді игергені, жеті атасын білгені кемшілігі емес, алғырлығы мен ел болғанының көрсеткіші. Мұхтар Әуезов: «халық – халықтан, адам – адамнан озуы – білімде», деген екен. Сондықтан бұл жерде айтқанын келгені, бірнеше тіл білген адам ешқашан кем болған емес, болмайды да.

Қазір тележурналистер арасында екі тілді жетік меңгерген қыздар мен жігіттер аз емес. Қазір оған көзіміз де, өзіміз де үйрендік. Ежелден солай болған сияқты.

Қос тілділіктің бір мысалы да осы.

**Журналист:** Қазақстан көп ұлтты ел, ішкі саясатта, күнделікті өмірде сол жүзден астам ұлт пен ұлыстың мүддесі ескеріледі, олардың мұң-мұқтажы толығымен шешілді деуге бола ма?

**Ғалым:** Этносаралық қарым-қатынас әрдайым даму үстінде. Дәл осы тұста мәселенің бәрі шешілген, ешқандай проблема жоқ десек ағаттық болар. Мәселе сол проблемаларды айқындап, уақытында оған көңіл бөлу, шаралар белгілеп, жүзеге асыру. Қазақстан халқы Ассамблеясының да басты бағыты осы. Біз ұлы Абай айтқан «Заман өзгергенде қағидалар да өзгереді» естен шығармауға тиіспіз. Бүгінгі Қазақстан, Елбасы әртүрлі этнос өкілдерін бірлікте ұстап, жарастырып, келістіріп отыр. Бұл біздің саясатымыздың жемісі. Сондықтан да өз басым «Тіршіліктегі тірегің – пейілің мен жүрегің» дегім келеді.

**Журналист:** Осы пәтуалы түйінмен әңгімемізді аяқтайық. Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!

**СУРЕТТЕРДЕ:** Облыс әкімі Н.Садуақасов облыстағы Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашылу салтанатында; облыстағы ұлттық мәдени орталықтар мүшелері.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.





## • Сұхбат



Юрген МАУРЕР:

## «Шарадан үлкен нәтиже күтемін»

Өткен жетіде өңірімізде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен «ІРЗ» Герман халықаралық құқықтық қатынастар жөніндегі қорымен бірлесіп ұйымдастырған халықаралық конференция мәресіне жетті.

«Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы шет елдердің құқықтық механизмі» атауымен өткен ауқымды шараға елімізбен қатар, алыс-жақын шетелдерден келген қатысушылар аз болған жоқ. Солардың бірі – германиялық Юрген Маурер. Бұған дейін федералдық криминалдық мекеменің вице-президенті қызметін атқарып келген ол қазір отставкада. Кейінгі екі жыл аталған ведомство басшылығының кеңесшісі әрі «ІРЗ» Герман халықаралық құқықтық қатынастар жөніндегі қорында кеңесшілік етуде. Ұзақ жылдар заң, құқық саласында еңбек еткен тәжірибелі маман. Қазақстанға алғаш келген әрі маңызы зор шараға қатысып отырған Маурер мырзаны үзіліс кезінде аз-кем өңгімеге тарттық.

– Юрген мырза, бүгінгі конференцияға қандай баяндамамен келдіңіз?

– Екі тақырып алып келдім. Бірі – Германияның жемқорлыққа қарсы күрес, оның алдын алу, екіншісі, Германияның жемқорлықпен күрес стратегиясы тақырыптарында.

– Германияның жемқорлықпен күрес стратегиясы жөнінде айтып берсеңіз?

– Біздің елімізде парақорлықпен күрес стратегиясы 4 жолмен жүзеге асырылады: біріншіден, жағдайды сараптау, екіншіден, заңнамалық негізді әзірлеу, үшінші жолы – жемқорлықпен күресті ұйымдастыруды қалыптастыру, төртіншіден, жемқорлықпен күрес жөніндегі ішкі ведомстволық шараларды әзірлеу.

– Жалпы тәжірибеңіздегі парақорлықпен күресу тәсілінің оңтайлы жолдарымен бөлісе отырсаңыз.

– Жемқорлықпен күрес кез келген мемлекеттің басты мәселелерінің біріне айналды. Біз алдымен аз уақыттың ішінде жемқорлық деңгейі азайып бара жатқан елдердің тәжірибесіне үңілуіміз керек. Демек, ол мемлекеттер жемқорлықпен кешенді әрі табанды күрес жүргізіп келе жатыр деген сөз. Бүгінгі конференциядан байқағаным, Қазақстанда жемқорлықтың алдын алып, оны жоюдың түрлі жолдары қарастырылып қана қоймай, ол тәжірибеге енгізіліп жатыр екен. Демек, сіздерде бағдар айқын. Осы жағы мені таңқалдырды.

– Енді парақорлық қылмысы бойынша айыптыларды қалай жазалауды ұсынасыз, соттау жазасы оңтайлы ма әлде ірі мөлшерде айыппұл салған дұрыс па?

– Бұл әрбір мемлекеттің ішкі мәселесі. Кез келген жаза сол елдің азаматтарының құқықтық санасының деңгейіне қарай жүзеге асырылады. Ал жазалау жасалған қылмыс пен одан келген шығынға қарай жүргізіледі. Германияда да соттау жазасын айыппұл төлеу жазасына алмастырған кездер болды.

– Бүгінгідей тақырыпқа арналған конференцияларға жиі қатысасыз ба? Жалпы, осы шараға қандай баға бересіз?

– Шынын айтсам, жемқорлықпен күрес саласына бағытталған конференциялар жиі өткізіле бермейді. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған шараның ауқымы кең әрі тақырыптары да жан-жақты қамтылған екен. Өзім бұған таң қалып отырмын және осыдан үлкен нәтиже шығады деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбат жүргізген Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

## • Жемқорлық – жегі құрт

# Шетелмен тәжірибе алмасу: тиімділігі қандай?



### Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Өткен аптаның аяғында екі күн бойы облыстық филармонияның күмбезді залында «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы шетелдердің құқықтық механизмі» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Жаңа агенттік құрылғалы өткізіліп тұрған алғашқы ауқымды шара.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу, қызметтік жоғарылауда меритократия ұстанымын ұстану, сонымен бірге мемлекеттік қызмет сапасын арттыру агенттіктің негізгі басымдықтары болып табылады. Осының барлығын қамтамасыз ету үшін халықаралық тәжірибелерді талқылау, оның жақсысынан үйрену қажеттігі де уақыт талабы екені белгілі. Халықаралық конференция аясында шетелдік тәжірибелі әріптестермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мен озық әдістемені зерделеу мақсатында көрсетілген аспектілер талқыланды.

Ауқымды шараға АҚШ елшілігінің, Қазақстандағы Еуропалық одақ жобасының сарапшылары және Transparency Kazakhstan сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. Сонымен қатар агенттіктің, оның аумақтық департаменттерінің, Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының және мемлекеттік қызмет саласын-

дағы өңірлік хабтың басшылық құрамының өкілдері де болды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылғы 26 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданды. Халықаралық әріптестікті дамыту және шетелдік тәжірибені қолданысқа енгізу стратегиясының негізгі бағыттары айқындалған. Сарапшылар мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын жетілдіру үшін халықаралық тәжірибені кеңінен қолдану керектігін айтады. Қазақстанды мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында ТМД елдерінің ішінде көш бастап тұр деді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Саян Ахметжанов Мемлекеттік қызмет арасында, басқа қоғамның арасында сыбайлас жемқорлықты жою жолы – оның алдын алу дейді:

– Тек қана мемлекет саласындағы құқықтық шараларды қолдану емес, алдын алу, мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс нормаларын сақтау. Жалпы жауапкершілікті жетілдіру, біліктілікті арттыру үлкен мәселе. Сол себепті бүгінгі отырыста бір-біріміздің тәжірибемізді бөлісуге мүмкіншілік туып отыр.

Саян Ахметжанов сондай-ақ, қоғам дертімен күресу үшін Германия мен басқа да дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенген дұрыс екенін

айтты. Ал Германиядан келген ІРЗ сарапшысы Юрген Маурер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте Қазақстанның билік органдары дұрыс бағытты ұстанғанын жеткізді. Ол сонымен бірге, қоғамдық кеселге қарсы күресте тек жаза-лау әдісін қолдану жеткіліксіз деді. Қазақстанның сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға күш салып жатқанын қолдайтынын, біздің елдің заң нормалары да Германияда қабылданған талаптарға келетінін айтты. «Жемқорлық. Германиядағы жағдай» баяндамасында Юрген Маурер Германиядағы сыбайлас жемқорлық көрсеткіштерін құрылымына қарай талдады.

Конференцияның ашылу салтанатында құттықтау сөз сөйлеген өңір басшысы Нұрлы Садуақасов аталған шараның еліміздегі қоғамдық дертпен күресу мен оны жоюға үлкен септігін тигізетінін, халықаралық тәжірибелермен бөлісетінімізді жеткізді. – Күрес тек құзырлы органдар ғана айналысатын шаруа емес, сонымен қатар, ел болып тойтарыс беретін күшке айналу керек, деді.

Екі күнге созылған халықаралық конференцияда негізінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі еуропалық тәжірибеге көбірек назар аударылды. Сонымен қатар республикалық, жергілікті мамандар да сөз алып, өз ойларымен бөлісті.

**СУРЕТТЕ:** Халықаралық конференцияға қатысушылар. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



● ЖЕҢІМПАЗДАР ЖҮЗДЕСУІ

# Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран

**«Қостанай таңы» бүгін Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңындағы «Жеңімпаздар жүздесуін» одан әрі жалғастырады. Сөзді майдангерлер – Қабден Ыбыраев пен Телғара Әбеннов алып отыр**

**Қабден ЫБЫРАЕВ:**

**«Бір үйден аттанған  
үшеу едік»**



**Телғара ӘБЕНОВ:**

**«Достыққа  
берік ұрпақпыз»**

– Мен Ұзынкөл ауданының тумасы, Уақ Қамбар батырдың ұрпағымын. Әкеден жеті жаста



жетім қалып, анам Ережептің жанкештілігі арқасында үйдегі төрт ұл бір-бірімізге көмектесе жүріп, ержеттік. Ағам Қали 1939 жылы әскер қатарына алынды. Қызмет мерзімі аяқталып, елге оралады деп күтіп отырған 1941 жылы маусымда соғыс басталды. Сол жылдың күзінде қайран бауыр Ұлы Отан соғысының құрбаны болды, Харьков маңындағы кескілескен ұрыста ерлікпен қаза тапты деген хабар алдық. Ал екінші ағам Қапыш ауылда мұғалім болып жүрген кезінде майданға аттанып, Ленинград үшін болған шайқаста хабар-ошарсыз кетті.

1942 жылдың көктемінде кезек маған да келді. Челябинск маңындағы бір бөлімде әскери-тактикалық дайындықтан өткеннен кейін, шаңғышылар бригадасына алынып, 82 мм батальондық минометтің көздеушісі болдым.

1943 жылы ақпанда Сталинград қаласы жау қолынан азат етілген кезде 4-ші гвардиялық механикаландырылған корпусың құрамын толықтырып, ұрыс зардаптарын жою науқанына қатыстым. Себебі, бұл гвардия осыған дейін сатқын Власовтың соққысына ұшыраған екен. 1943 жылдың наурыз айында Сталинград түбінен Дон-

дағы Ростовка жаяу аттанған екі батальонның құрамында болып, діттеген жерге 700 шақырым жаяу жүріп жеттік.

Жолшыбай немістердің қоршауында да қалдық. Талай қиыншылық көрдік, бірақ жасымдық, Жеңіске деген сенімді бір сәтке де жоғалтпадық. Тіпті қоршаудағы біздің үстімізден жау ұшақтары ұшып, листовкалар тастап, бомбалап жатқанда да селт еткен бір солдат болған жоқ. Бұл туған елге, Отанға деген нағыз патриоттық сезімнің шынайы белгісі еді.

Тағанрог қаласын азат ету операциясында батальон командирінің адъютанты едім. Талай рет командирге қалқан болып, ажалдан аман алып қалған кездерім де болды.

1943 жылы 5 қыркүйекте Азов теңізі маңындағы ұрыстардың бірінде ауыр жаралы болдым, жаудың көздеп атқан оғы иектен тиіп жақ сүйегім күл-талқан етті. Содан Кисловодск қаласында, кейін Тбилисиде емделдім. Бірақ жарақат жазылмады, содан дәрігерлер мені әскер қатарынан босатып, елге жіберді.

Ол кезде ауылда туған-туыстардан анам Ережеп пен 14 жасар інім Қабдуәлі ғана қалған еді. Тіршіліктің ауыр жүгі енді маған түсті. Соғыс салған жара қалай сыздаса да отбасын асырау үшін күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей қарақаттендік.

Соғыс салған жараның тауқыметін 18 жыл бойы тартып, талай қиналған сәт те болды. Ақыры Құдай сәтін салып, 1962 жылы Омбы қаласында ресейлік дәрігерлер ота жасап, сынған сүйектерді орнына салып, бір ай бойы ауруханада емдеп, қалпына келтірді.

Ал еңбек жолыма келсем 1953 жылы аудандық жол салу және жөндеу бөлімінің басшысы болып тағайындалып, осы қызметте табаны күректей отыз бес жыл бойы тер төгіп, абыройға бөлендім.

Соғыстан кейін Зейнеп атты Обағанның қызына үйленіп, екі ұл, бес қыз өсірдік. Енді сол өсіп-өнген ұрпағымның ортасында бейкуат өмір кешіп, Қостанай қаласында тұрып жатырмын.

Ұлы Жеңістің 70 жылдық тамаша тойына аман-есен жетіп, елімнің өсіп-дамығанын, ұрпағымның өріс жайғанын көру мен үшін зор бақыт.

Сол бақыт баянды болсын деймін! Тәуелсіз Қазақстанның майдангерлерге жасап отырған шынайы қамқорлығына шын жүректен мың алғыс!

– Мен 1943 жылы Мендіқара ауданы Жарқайың ауылынан әскерге шақырылып,



Түмен қаласына көшіп келген Таллин жаяу әскер училищесінде оқыдым. Бір жылдан кейін арнайы комиссия іріктеп, бір топ жасты сол жылдары жаңадан құрылып жатқан әуе десанты бригадасына жіберді. Қазір қатарымызда жүрген майдангер, қаламгер дос Қасымхан Алдабергеноұлы да сол бригаданда болды. Екеуіміздің достығымыз, қарым-қатынасымыз күні бүгінге дейін үзілген жоқ, қайта жыл өткен сайын ол нығая түскендей. Өткенде осы өзіміздің «Қостанай таңы» газетінен «Қасымхан ағам – қас батыр» атты мақаланы оқып, алыста қалған майдан өмірін, жастық шағымды тебірене, толқи еске алдым. Қасымханның майдандас досы Әшірбаймен достығы, олардың бір-біріне жазған хаттары, арнау өлеңдері жан тебіренетеді.

Иә, майдангерлер әрқашан да достыққа берік болды. «Өзің өл, бірақ жолдасыңды жауға берме!» – майдан өмірінің басты ұраны осы еді.

Әскери дайындықтан өткен біздің бригада 1943 жылы Бас қолбасшының резервіне жіберілді. 1944 жылы бригада 345-інші гвар-

диялық полк болып қайта құрылып, Беларусь-сияға, Лапичи бекінісіне аттандырылды. Одан әрі Венгрия, Австрия түбіндегі шайқастарға қатысып, Кеңес Армиясының даңқын еселей түстік.

Құрамында біздің гвардиялық полк бар 105-ші әуе десантшылары дивизиясы бір аптаның ішінде Австрияның 103 елді мекені мен жеті бірдей қаласын азат етіп, Ұлы Отан соғысы тарихында өзіндік ізін қалдырды. Сол кескілескен ұрыстарда екі мыңға жуық майдандас жолдастарымыздан айырылды, солардың көбі менің көз алдымда жан тапсырды. Таңертең ғана бірге жер басып жүрген жолдас-достан айырылудың қаншалықты қиын екенін тек майдангер ғана білер. Жасым тоқсаннан асқан қазіргі шақта да сол боздақтар бейнесі жиі еске түседі. Олар бүгінгі мына шат тіршілік, жер бетіндегі бейбітшілік, тәуелсіз еліміз үшін қан төкті. Олардың ерлігі, күнделікті жанқиярлық жауынгерлік ауыр еңбегі болмаса, Жеңіс те болмас еді. Міне, сондықтан да біз сол Отан үшін опат болған боздақтарды бір сәт те естен шығармауға тиіспіз. Бұл ретте біздің Елбасы, ардагерлер кеңесі, басқа да қоғамдық ұйымдар атқарып жатқан шаралар көңілге қуаныш ұялатады. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытпаймайды». Кейінгі жастарға ерлік дәстүрді насихаттау үшін облыста өріс алған «Ерлік эстафетасы» да ерекше ғанибет дүние.

Австриядағы жан беріп, жан алысқан ұрыстардың бірінде сол жамбасымнан жараланып, госпитальға түстім. Емделіп шыққан соң қайта сапқа тұрдық.

Мен әскери борышымды жеті жыл бойы адал атқарған ардагерлердің бірімін. Қан майданға он сегіз жасымда кіріп, туған жер топырағын жиырма бес жасымда бастым. Бейбіт өмірде де абыройсыз болған жоқпын, зайыбыммен бірге алты бала тәрбиелеп, өсірдік. Олар өмірден өз орындарын тапқан азаматтар болды. Солардан туып, өскен немере-шөберелерім ерекше өрісім, қуанышым, өмірімнің жалғасы. Ендігі тілек – жаңа буын – жас ұрпақ ешқашан да соғыс өртін көрмесін!

**Бөлімді Сәлім МЕНДІБАЙ  
жүргізеді**

## ● ОТТЫ ЖЫЛДАР: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

° Біз, қостанайлықтар, 151-жеке атқыштар бригадасын ерекше мақтан етеміз. Ол кейін 150-атқыштар дивизиясының негізі болды. Берлинге дейін жетіп, Жеңіс туын желбіретті.

° Ұлы Отан соғысына барлығы 73500 қостанайлық қатысты. Оның 24 мыңнан астамы ұрыс даласында қаза тапты, 3,5 мыңы алған жара-

ларынан госпитальдарда қайтыс болды, 16 мыңға жуығы хабарсыз кетті.

° Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған төрт адамның екеуі – біздің жерлесіміз. Олар Иван Фомич Павлов пен Леонид Игнатьевич Беда.

° Біздің 31 жерлесімізге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, ал

9 адам Даңқ орденінің толық иегері болды.

° Соғыс басталған 1941 жылы 22 маусымда Қостанайда жалпы қалалық митинг өтті. Оған 10 мыңдай адам қатысып, басқыншы жауды қатаң айыптады.

° Әскери тарихшылардың деректері бойынша, соғыстың алғашқы күндері 31 мың өнеркәсіп кәсіпор-

ны, 100 мыңдай колхоз бен МТС, ондаған мың километр темір жол жау қолында қалған.

° Стратегиялық шикізат шығаратын маңызды аудандар жау қолына өтті, 750 машина жасайтын, 60 станок жасайтын, энергетикалық, көліктік, тамақ кәсіпорындары мен жеңіл өнеркәсіп нысандары қиралды.



## Дінің-діңгегің

## Мәуліттен мәулітке дейін

Ұлы Мұхаммед Пайғамбарымыздың туған күні – Мәуліт мерекесін қостанайлықтар жоғары деңгейде атап өтіп келеді. Биыл да Тобыл өңіріндегі барша мұсылмандар қауымы оны асыға күткен болатын. Облыстық Марал ишан мешітінің ұжымы бұл мейрамға үлкен дайындықпен келді.

Мәуліт мерекесін елге сыйлы азамат Дүйсен Дайыр Құран оқу рәсімімен бастады. Қазақы дәстүрмен шашу шашылған соң, жиналған барша жұртшылықты облыстық мәслихаттың хатшысы Сайлаубек Есжанов құттықтап, кештің танымдық-тәрбиелік мәні зор екендігіне тоқталды.

Одан кейін сөз алған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысындағы өкіл имамы, дін қайраткері Асылхан қажы Түсіпбектің ой-толғамдары мен ізгі тілектері де көпшіліктің жадында ұзақ сақталатындығы даусыз.

Өйткені оның Мәуліт мейрамының күллі мұсылманның өмірінде алатын орны жайлы толғаныстары жерлестеріміздің көңілінен шығып, ұмытылмастай әсер қалдырды.

Мұндай үлкен мерекелер ән-күйсіз, терме және театрландырылған көріністерсіз өтпейтіндігі белгілі. Сондықтан көпшілік Әсел Жұмақұлованың орындауындағы «Иман келтіру» әнін ерекше ұйып тыңдады.

Ал дін тақырыбына қалам тартып жүрген көрнекті ақын, «Мінәжат» кітабының авторы, Қазақстанның мәдениет қайраткері Ақылбек Шаяхмет өзіне тән шеберлікпен сөз сөйледі.

Белгілі композитор Қалибек Деріпсалдиннің Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Жеңіс» күйі де жұртшылықтың назарын



аударды. Мәуліт мерекесінде І.Омаров атындағы қазақ драма театрының әртістері «Ауыл мешітінің имамы» деп аталатын сахналық қойылымды көпшіліктің назарына ұсынды. Жұмағаным қажы Толыбаеваның орындауындағы «Бір құдайдан тілеймін иман» толғауы, Боранқұл Құрманқұлұлының «Толғауы», Абзал Алпысовтың «Әуелі Алла жаратты» термесі бас қосудың ажарын барынша аша түсті.

Айтыс десе елеңдемейтін әрі делебесі қозбайтын қазақ бар ма? Осы мәртебелі мейрамға арнайы шақырылған аса дарынды айтыс ақындары Айбек Қалиев пен Айнұр Тұрсынбаеваның өнері де көпшілікті дән риза етті.

Кештің соңында ұлы Пайғамбарымыздың «Қоштасу жұтпасы» да оқылды. Мешіт жұмысының жанданып және Мәуліт мерекесінің жылдағы қалыптасқан дәстүрі бойынша тиісті деңгейде өтуіне өздерінің қомақты үлестерін қосып жүрген ардақты ақсақалдар мен зиялы азаматтарға көпшіліктің алдында сый-құрмет көрсетілді.

Облыстың бас имамы Асылхан қажы Түсіпбек сахнаға көтеріліп, осы күнгі мейрамның мән-мазмұнының арта түсуіне септігін тигізген бірқатар жерлестеріміздің аты-жөндерін атай келіп, нағыз дін жанашыры Міржақып Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің доценті, ұстаз Хайша Мылтықбайқызының 60 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Сондай-ақ оған кілем сыйлап, алдағы уақытта да ғылымның қия жолында және оқытушылық қызметінде тың табыстар тіледі. Сондай-ақ күллі қазақ еліне есімі кеңінен танымал ақын, көптеген республикалық жыр мүшәйраларының жеңімпазы Ақылбек Шаяхметке, Қостанай қаласының құрметті азаматы Жолбарыс қажы Баязид пен ел құрметіне бөленген Мырзағали қажы Ғабдуллинге Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мақтау грамотасы салтанатты түрде тапсырылды.

**ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкілдігінің баспасөз қызметі**

## Мемлекеттік бағдарлама аясында...

Айтолқын  
АЙҚАДАМОВА

Наурызым ауданында «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы белсенді іске асырылуда. Бағдарлама жүзеге асқаннан бері 252 адам қатысуға ниет білдірген екен. Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша қаржыландыру сомасы 115,1 млн. теңгені құрайды. Бірінші бағыт бойынша әлеуметтік саладағы объектілерді жөндеу жұмыстарына 6 адам жұмысқа орналастырылды, жұмыспен қамту орталығы арқылы 3 қатысушы жұмыспен қамтылды.

Екінші бағыт бойынша 35 қатысушыға 73,1 млн. теңге сомасында шағын несие бөлінген. Бұл қаражат жиһаздарды тасымалдау, наубайхана ашуға және мал шаруашылығын дамытуға бағытталды.

Үшінші бағыт бойынша әлеуметтік жұмыс орнына 32 адам жұмысқа орналастырылып, кәсіби дайындыққа 10 адам жіберілген. 10 жұмыссыз және өзін-өзі қамтыған адамдар қайта даярлаудан өтіп, жоғары және орта арнаулы мекемелердің 20 түлегі жастар практикасына қатысқан.

– Жастар тәжірибесінен өткен түлектер өз жұмыс орындарын тапты. Бұл жастар үшін үлкен мүмкіндік әрі өмірде қалыптасып кетудің бір жолы. Биылғы жылға да жоспар көп. Әрі бағдарламаның барлық бағыты іске асатынына сенемін, – дейді аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Г.Тазобекова.

Наурызым ауданы.

## Қазақ хандығына 550 жыл

## Тағылымды сайыс өтті



Қазақ хандығының құрылғандығының 550 жылдығына орай, Қазақ хандарын ұлықтау мақсатында біздің мектебімізде 8-11 сыныптар арасында «Білімділер» атты сайыс өтті.

«Білімділер» сайысының мақсаты: ұлтжандылыққа, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, елін, жерін, Отанын сүйуге, патриоттыққа тәрбиелеу. Оқушылар топпен жұмыс жасау барысында, шапшаң шешім қабылдау дағдылары бойынша өзара бәсекеге түсті. Сайысымыз 6 кезеңнен тұрды. Барлық кезеңдер Қазақ хандарының өмірі, хандық құру кезеңдеріне негізделі отырып, құрастырылды. Әр топтың аты, ұраны, эмблемалары және буклеттері болды. Кезеңдер бойынша оқушылар бір адамдай атсалысты. Әйтсе де жарыс болған соң, жүйріктің бәйге алары айтпаса да түсінікті. Әділқазылар алқасына үздіктің үздігін анықтау оңай болған жоқ. Қатысқан екі топтың ішінен «Алаш Орда» тобы жеңіске жетіп Үздік дипломмен, 2-топты мақтау грамотасымен марапатталды. Ата-бабаларымыз әрқашанда ұлдарды кішкентай кезінен бастап ел қорғаны батыр бол, Отан алдындағы борышымызды орында, – деп тәрбиелеген. Ата-бабаларымыз қалдырған мұраны сақтап, ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықты, имандылықты, мейірімділікті беруіміз қажет. Болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі жарқын болсын десек, ел болып, халық болып, ұлтымызды, теңімізді жоғалтып алмайық, себебі өз міндетіне адал бауырмалдық бар жерде ғана қоғам түзеледі.

**Тана БАЙСАМАТОВА,**

Маяковский орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.  
Алтынсарин ауданы.

## Тимирязевтегі той

Руслан  
ӘЛКЕЙ

«...Алла – мінсіз, әуелден Пайғамбар хақ, мүмін болсаң үйреніп сен де ұқсап бақ», – деп дана Абай атамыз айтқандай, ақиқатында күллі мұсылман жамағаттың хақ Пайғамбардан үйренетін төлімі өте көп.

Пайғамбарымызды (с.ғ.с) тану мақсатында Мәуліт мерекесі еліміздің түкпір-түкпірінде аталып өтуде. Соның бір айғағы – Тимирязевте өткен той. Оған арнайы қатысу үшін алыстан ат терлетіп қонақтар келді.

Алдымен, абзал мейрамның шымылдырығын ауылдық «Омар ата» мешітінің имамы Айбек Ахметжанов ашып, жиналған жамағатқа жүрекжарды лебізін жеткізді. Содан соң іс-шараға арнайы келіп қатысқан ауданымыздың бас имамы Дәулетбай қажы Әбдіхалық сүйікті Пайғамбарымыздың ғибратты ғұмыры, дүниеге келу себебі жөнінде



уағыз-насихат айтты, тәубеге келуге, берілген мол мүмкіндікті өткізіп алмауға шақырды. Бас имам Мәулітке белсенділік танытқандарды алғыс хаттармен марапаттады.

Сондай-ақ, лебіздер легін ауылдық округ әкімі Есқожа Қалиев, Қостанайдан келген қонақ Амангелді Омаров және ақсақалдар жалғап, мұсылман қауымды Мәуліт мерекесімен құттықтады.

Игілігі мол мерекеге арналған іс-шара барысында мектеп оқушылары Мәуліт-Шарифтен үзінді оқып, Рассулұлаһ туғандағы ғаламат белгілерін, оны емізген аналар туралы, Расулдің Уахи алдын уарақа қартқа баруы, ғарға кіруі хақында және Пайғамбар Хадисінен өсиет айтты. Сонымен қатар асыл дініміз жайында шырқалған әндері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.



# ҚҰҚЫҚТЫҚ МӨКТЕП



## Маңызды жоба



"Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" РМҚ Қостанай филиалында "Қазақстан Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттері жобасын түсіндіру және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету сұрақтары" атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Шараға Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының, "СӨАЖҚЖ", Департаменттің құрылымдық және ведомство-

аралық бөлімшелерінің, сонымен қатар өңірдің бизнес және кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

Ұйымдастырылған шараның мақсаты – Қазақстан Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу, бейімделуін және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету проблемалық сұрақтарына түсініктеме беру.

Көтерілген мәселені талқылау кезінде Қазақстан Республикасы

Заңнамасына қатысты басқару бекеті және ең көп жұмыс кезегі "Азаматтық қорғаныс үшін арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы" кедендік одақ техникалық регламентінің 4.14 т. сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Отандық өнімді шетелдік нарыққа жылжыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында және отандық бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілерді азайту жұмыстары жүргізілуде.

Жаңа КО ТР жасаушылары ресейлік сарашылар. Жалпы кедендік одақтың бекіткен ережесі барлық қатысушылар үшін бірыңғай болуы тиіс. Осыған орай, қазақстандықтар кедендік одаққа байланысты заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Жаңа регламент заңды күшіне 2016 жылы енуі тиіс.

**Қанат ҚАЙБЖАНОВ,**  
облыстық ТЖД АҚБ  
офицері.

**СУРЕТТЕ: Дөңгелек үстел барысында.**

## ● ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

### Заңсыз аң аулаушылар жауапқа тартылды

Облыстық мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы табиғатты қорғау полициясымен бірлесе отырып, заңсыз аң және балық аулау фактілерін анықтау мақсатында Алтынсарин және Сарыкөл аудандарында рейд жүргізді. Жүргізілген шара барысында қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша 5 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Мәселен, Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы селолық округінде аң аулау тәртібін бұзған үш азамат ұсталып, олар ҚР ӘҚБтК-нің 383-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, рейд барысында Сарыкөл ауданында балық аулау ережелерін өрескел бұзу фактісі анықталып, азамат Н. және Ж.-ға ҚР ӘҚБтК-нің 382-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды.

Құқық бұзушыларға жыл басынан бастап күшіне енген жаңа ҚР ӘҚБтК-нің талаптары, яғни құқық бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тарту мақсатында салынған айыппұлдарды 7 күн ішінде төлейтін болса 50% жеңілдік қарастырылғаны түсіндірілді.

**Мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы.**

## Оқу-жаттығу сәтті өтті

Алтынсарин ауданының тас жолында жанармай таситын ауыр көлік өртенді. Ауа райының қолайсыздығы салдарынан көлік жүргізушісі техникаға ие бола алмай, жолдың қарсы бетінде келе жатқан жеңіл автокөлікпен соқтығысқан. Салдарынан бензин толы көлік отқа оранды. Оқиға орнына төтенше жағдайды жою және зардап шеккендерге жәрдем көрсету құтқарушылары, өрт сөндірушілер, Алтынсарин аудандық ТКШ бөлімінің мамандары, медициналық қызметкерлер көмекке келді.

"Қостанай-Қарасу" автожолы бойындағы Большая Чураковка поселкесі маңында осылай жоспарланған арнайы тактикалық оқу жаттығулары өтті. Қостанай облысының ТЖД кезекті жоспары бойынша қар тазартатын арнайы техника арқылы оқиға болған жерге жол-патруль машинасының экипажы да дер кезінде



жетті. Өрт сөндірушілер көлікті сөндіруге кірісті. Бұл оқу жаттығуға "Щербаково" трассалық медициналық-құтқару пунктінің жұмысшылары алғаш рет қатыстырылып отыр.

Қостанай облысының ТЖД бастығы Талғат Кәкімов төтенше жағдайлар қызметкерлері кез

келген төтенше оқиғаға дайын болу керектігін айтады. Сондықтан осындай оқу жаттығу жұмыстары жүйелі түрде өтіп тұрады. Ал мекеме басшысы бұл жолғы оқу жаттығуға жоғары баға берді.

**СУРЕТТЕ: Оқу-жаттығу жүргізу сәті.**

## ЖАҢА ЖҮЙЕ

Биыл Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің жаңа редакциясы елдегі қылмыстық саясаттың даму бағытын іске асырудың кезекті кезегіне бастама болады. Кодекстің дайындалуы халықаралық тәжірибе мен қоғамдық заманауи даму заңдылығына негізделген. Заң жобасында қамтудың басты идеясы болып табылатын жазалауды орындаудың маңызды принциптері көрініс табады. Қылмыстық-атқару кодексінің жаңа редакциясында ұсынылып отырған тетіктер қылмыстық жазалауда әділеттіліктің үстемдігі етуін қамтамасыз ету. Алайда, сотталғандардың құқығы да аяқ асты болмауы керек.

Қылмыстық-атқару кодексінің ең алдымен, қылмыстық заңнаманы жетілдіруге, қылмыстық жазаны өтеудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа кодекс толық бірқатар новелладан тұрады, қылмыстық жазаларды орындау жөніндегі қызметтің тиімділігін жоғарылатуға, жазаның тәрбиелік-профилактикалық функциясын күшейту, сонымен қатар оны жазалау салмағын төмендету.

Жаңа кодексте бас бостандығынан айыру орындары мынадай дәрежелерге бөлінді: мекемеде қысқа, орта, төтенше, толық, аралас қауіпсіздік. Осы сияқты қауіпсіздік сатыларға бөлу жазасын өтеу жағдайларының тиімділігін жоғарылату үшін толық амалдарды қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ құрылымын ретке келтіру және қылмыстық-атқару жүйесін мекемеде қызметінің ережесін ұйымдастыру бейнесі бола алады.

Кодекс жобасы бойынша жазаны орындау тетігі – ең алдымен прогрессивтік жүйе бойынша бостандығынан айыру, пробациялық бақылау механизмі үшін құқықтық негіз қалау, сотталғандарға қажетті әлеуметтік, құқықтық және психологиялық

көмек көрсету болып табылады.

Жаңа заң адам құқығы үшін айтарлықтай әсер етеді. Жазасын өтеушілер мен жауапқа тартылғандардың өмірін белгілі бір деңгейде жақсартыды. Азаматтық және саяси құқық бойынша жазасын өтеушілерді интеграциялаудың талаптарын қарастырады, жазасын өтеушілерді әлеуметтендірілуі мен интеграциялауына маңызды қадамдар қарастырылған.

Қылмыстық-атқару кодексінің жаңа баспасының тұжырымымен сотталғандардың тәртібін сапалы бағалауын (сотталғанның тәртібінің дәрежесі) анықтау құралы жөніндегі сотталғанның тәртібіндегі құқық тыңдаушылығы болып табылады, яғни әрбір сотталғанға қатысты жеке көзқарасы және ыңғайластыруды қамтамасыз ету.

Сотталғанның түзелу дәрежесін анықтау жүйенің алға басуының қолдану кездерінің кілті болады. Осылайша, сотталғандардың тәртібі жақсы жағынан бірінші, екінші, үшінші дәрежеде сай сипатталатын болады. Ал белгіленген жаза өтеу тәртібін бұзғандар, белгіленген жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзғандар болып бөлінеді.

Басты назар бостандығынан айырылғандарға бөлінген. Алдымен, сотталғандардың бас бостандықтарынан айырылғандарды жіктеу, еңбекті, режимді, сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуді заң бойынша реттеу, олардың материалдық-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету, медициналық көмек көрсетуге көңіл аударылған. Сотталғандардың өз еріктерімен жұмысқа белсенді қатысуын ұйымдастыру, сотталғанның режим талаптарын сақтауды қалыптастыру. Сотталғандар жазасын өтеп босатылғаннан кейін қайтадан түрмеге түспеуі маңызды.

Жаңа заң халықаралық талаптарға сай жауап береді, өйткені көптеген елдерде тәжірибеге алынған.

**Д.БЕЛГІБАЕВ,**  
"УК-161/1 мекемесі" РММ  
бастығы.

## ● СҰРАҒЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ

– 18-ден асқан азаматқа бірінші рет жеке куәлікті қалай алуға болады?

**Нұргүл ҚАЙЫПХАНҚЫЗЫ.**

**Заречный кенті.**

– "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеудің кейбір мәселелері туралы" сәйкес мемлекеттік қызмет өтініш берушінің тіркелу орны бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы көрсетіледі.

Жеке куәлікті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- жеке басын куәландыратын құжатты уақытылы алмау себебі көрсетілген өтініш еркін нысанда;
- бүкіл тұрғылықты жері, оқу орны, жұмысы көрсетілген толық өмірбаяны;
- мекенжай анықтамасы;
- туу туралы куәлігі;
- әскерге шақырылушылар үшін тіркеу куәлігі немесе әскери міндеттілер үшін әскери билет (не әскери есеп туралы мәліметтерді растайтын құжат);
- ата-анасының бірінің жеке басын растайтын құжат. Бірінші рет оларға құжат беру туралы өтініш білдірген және туу туралы куәлікті ұсынған 18 жастан асқандар үшін жеке куәлікті ресімдеу олардың жеке басын анықтаған соң және ҚР азаматтығын растаған соң жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 30 күнтізбелік күн.



**Бетті дайындаған Шұға ҚОҢҚАБАЙ**  
**shuga\_ansagan@mail.ru**



## ● ЕҢБЕК АДАМЫ



тор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері Айтбай Мұздаханұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Үмітжан Мұқышқызы секілді ардагер ақсақалдар мен аналар Досымхан Ыбырайұлын торқалы тойымен құттықтап, оның өнегелі өмір жолы туралы жиынға қатысқан барша қауымға ғибратты өңгімелер айтты. Қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты.

Салтанатты рәсімде Досымхан Ыбырайұлы туралы ақ тілегін білдірген ақса-

## ЕЛІНІҢ МАҚТАНЫШЫ

байырғы атақты дихан-механизатор,  
еңбек ардагері Досымхан  
Махатовтың 75 жасқа толуын аудан  
жұртшылығы лайықты атап өтті

**Хамитбек  
МҰСАБАЕВ**

Таяуда Аманкелді ауданының жұртшылығы кезінде ауылшаруашылығын өркендетуге зор үлес қосқан еңбек ардагері Досымхан Ыбырайұлы 75 жасқа толған мерейтойын кеңінен атап өтті. Салтанатты рәсімге Досекең тұрып жатқан Қарасу ауылының халқы және аудан жұртшылық өкілдері қатысты. Байырғы диханның мерейтойын өткізуге аудан басшылығы мен ауылдық округ әкімдігі тиісті іс-шаралар жасады. Нәтижесінде Қарасу ауылындағы мәдениет үйінде Досымхан Ыбырайұлының 75 жасқа толу мерейтойы "ЕЛІМНІҢ МАҚТАНЫШЫ – ЕҢБЕК АДАМЫ" атты әдеби-музыкалық қойылыммен салтанатты түрде аталып өтті.

Рәсімді ауылдық округ әкімі Бақытжан Аманжолұлы ашып, алғашқы құттықтау сөзді аудан

әкімінің орынбасары Талғат Тойшыбекұлына берді.

Талғат Тойшыбекұлы Досымхан Ыбырайұлының кезінде ауданымызды өркендетуге елеулі үлес қосқанын, Қарасу ауылындағы Абай колхозында, кейін "Коммунизм жолы" совхозында механизатор болып жемісті еңбек етіп, зор табыстарға жеткенін, оның бүкіл болмысы кейінгі жас ұрпаққа үлгі екенін айта келіп, 75 жасқа толуымен құттықтады. Досекең Қостанай облысының әкімі Нұралы Мұстафаұлының Грамотасын табыс етті.

Келесі кезекте ауыл әкімі Бақытжан Аманжолұлы Досаға аудан әкімі Жансұлтан Қоңыртбайұлының Құттықтауын және сый-сияпатын тапсырды.

Мұнан соң, Досекеңмен ұзақ жылдар бойы бірге еңбек еткен жыл және еңбек ардагері Таутан Ғалымұлы, көрнекті компози-

қалдар мен ардақты аналар аз болған жоқ. Бірақ, сайып келгенде бөрінің де сөзі бір арнада тоғысты. Бөрі де Досекеңнің адамгершілігі мен азаматтығы туралы ағынан жарыла айтты.

Мерейтойдың салтанатты сәтінен кейін ауылдағы Қасбуын орта мектебінің өнерпаз оқушылары еңбек ардагерінің 75 жасқа толған торқалы тойына орай арнайы концерт берді. Балалардың кіршіксіз жүрегінен шыққан әндер қалың көпшілікті шаттыққа бөледі. Әсіресе, Жанар Едресова, Сәкен Шаттық секілді өнерлі балалардың әуелете салған әндері көпшіліктің жүрегіне жол тапты.

Осылайша, Қарасу ауылының халқы мен аудан жұртшылық өкілдері қарапайым еңбек адамы Досымхан Махатовтың мерейлі мерейтойын есте қаларлықтай тағлымды да ғибратты етіп атап өтті.

Аманкелді ауданы.

**СУРЕТТЕ: еңбек ардагері, зейнеткер Досымхан ақсақалды аудан әкімінің орынбасары Талғат Тойшыбекұлының құттықтап, оған облыс әкімі Н.М.Садуақасовтың Грамотасын тапсырып тұрған сәті. Суретті түсірген автор.**

## ● ЖАҢА КІТАП

ӨМІРДІ  
өлеңмен өрнектеген

Жақында Қостанайдағы "Қарлығаш" баспасынан жерлесіміз, халықаралық "Шабьт" фестивалінің Бас жүдегері, облыстық меценаттар сыйлығының иегері Абылай Маудановтың "Сары дәптер" атты жаңа жыр жинағы жарық көрді.

"Алғаш Абылайдың өзімен емес, сары дәптерімен таныстым. 2002 жыл ғой деймін. Оқытушымын. Студенттер арасында мүшәйра өткіздім. Біраз өлеңдер жиналды. Сол сайыста жеңіп шыққан Абылайдың өлеңі бүгінде жалпақ жұртқа жайылды. Жоғалып кеткен өлеңдері де көп. Барының басын құрап, бір жинақ етіп бастырудың сәті енді түсіп отыр.

— Жинақтың атын өзің қоя сал, — дейді. Ары-бері ойла-нып, қазір ғана таптым. Сол баяғы "Сары дәптер" болсын тұңғыш жинақтың атауы", — дедім. Бұл кітапқа алғысөз жазған Нұрқанат Құлабаевтың пікірі.

Шыны керек, қазір ақыннан көп адам жоқ. Бірер шумақтың басын құрап, том-том кітап шығару "сәнге" айналған заманда өлеңнен қадір кетті. Ішінен іліп алатын дүние таппай, қолыңа енді ғана алған кітапты қайта парақтауға дәтің бармайды. "Шөп те өлең, шөңге де өлең болған" бүгінгі кезде өлең оқымайды деп байбалам салу да бекер ме деп қаласыз.

Қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі ағамыздың: "Классикаға кеткен қағазды обалсынбайық, қаншама мың халтура бар", — деген сөзі осындайда еріксіз ойға оралады. Шамасы, әлгіндейлерге арналып айтылған болуы керек.

Ал Абылай поэзия әлеміндегі қадамы нық, аяғын тең басқан тайпалас жорға іспетті. "Сары дәптер" осы сөзімізге дәлел. Себебі, ақын жазбаларында өзіндік стиль қалыптасқан, әр өлеңдері сырға тұнған әрі өзіндік өрнек басым. Жыр сүйер қауым боямасыз, осындай туындыларды ғана шын бағалайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Абылай Мауданов халықаралық, республикалық жыр додаларында оза шауып, бәйге алған ақын. Оның өлеңдерінің шынайылығы, әр шумағы бір-бірімен әдемі үндестік тауып, тұтас бір суретті көз алдына жайып салатын құдіреті шын ақынға ғана тән құбылыс.

Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің "Сын шын болсын, шын сын болсын" дейтіні бар, әрине, ақын өлеңдеріне сын айту біздің құзырымызға жатпайды. Дегенмен, Әбекеңнің өлеңдері талай әдеби сындардан, адуыны мықты деген ардалардың алдынан өткен. Оның жұртшылыққа жақсы таныс "Құлын-ғұмыр", "Құдіретім — қанымда екен бір тамшы!", "Міржақыптың ақырғы сөзі" сияқты бірқатар өлеңдері тұңғыш кітабынан ойып тұрып орын алған. Мысалы, желісі ұзақ "Аманат" өлеңін оқыңыз. Мұндағы басты кейіпкер — Мағжан Жұмабаев. Өлеңде қазақ қоғамындағы қатып қалған қағида — әмеңгерлік



салт жырланады. Қысқаша мазмұнына тоқталсақ, ел-елді аралап жүретін ақын жігіт Арқаның бір ауылына келіп, ат басын тірейді де қонған үйінің жесір қызына ессіз ғашық болады. Ол жесірді жылатпауға уәдесін беріп, екеуі кездеспекке серт етіседі. Бірақ тар заманның тарпаң қылығы, сол кездегі солақай саясаттың кесірінен жастар қосыла алмайды.

Ұлт үшін құрбан қылған басын Мағжан, Ер Мағжан, дауыл Мағжан, жасын Мағжан! Жете алмай уәде берген сүйгеніне, Аһ ұрды абақтыда асыл Мағжан,

— дейді автор. Абақтыдан шыққан соң ақын уәделескен сұлуын іздеп келеді. Сүйгенге емес, салтқа бағынышты қызды әмеңгері алып кеткенді. Қос ғашықтың жыры осылай аяқталады.

Абылай — лирик ақын. "Сары дәптердегі" "Бес теңгені" аса шеберлікпен жазылған туынды деп бағалауымызға болады. Ол құдіретті музыканың биік бағасын, рухани байлық — адамдықты және бес күндік ғұмырдың қадірін он шумаққа сыйдыра білген. Тақырып қоюға да талғаммен қарайды.

— Ол әсерлі жазады. Қай туындысы болмасын, оқырман жүрегіне жол тауып жатады. Өзгеше өріліп, оқырманға ой салатын шығармалары жетіп артылады. Абылай әлеуеті мықты ақын, — дейді әріптес ағасы Нұрқанат Құлабаев.

Әлімсақтан сөз қадірін ұғынған қазақ үшін поэзия қоғамда маңызды орын алады. Бойына қонған дарынын ұлтының мүддесіне жаратып, халықтың өз сөзін өзіне шекпен етіп қайтаратын ақындар қашанда қоғамның бел ортасынан табыла білуімен ерекшеленеді. Мына "Сары дәптер де" сонысымен құнды.

Болсаң да қанша марқасқа, әркімнің жолы әр басқа бұйырмаған олжаға жаныңды салып жармаспа! — деп жырлаған Абылай Мауданов бұйырған дүниесіне қол жеткізді. Оқырман талғамынан шыққан отты жырларды өндірте жазып жүрген ақын келешекте де поэзия әлемінің жаңа биіктерін бағындыра берері даусыз.

**Қасқырбай  
ҚОЙШЫМАНОВ.**

## Қойылым көңілден шықты

Ұлы жеңістің 70 жылдығына орай,  
Н.Ахметбеков атындағы мәдениет  
үйінің театр әртістері Е.Домбаевтың  
"Жоғалған адам" спектаклін аудан  
жұртшылығының назарына ұсынды.

Қойылымда қарапайым отбасының соғыстан кейінгі тірлігі мен отбасылық өмірі бейнеленген. Отағасы соғыста ерлікпен қаза тапқаннан кейін отанасы шиеттей балаларын бір өзі тәрбиелеп жеткізіп, өмірдің қиын-қыстау тауқыметін тартса да, еш мойымаған. Ел қатарлы өмір сүрген ананың рөлін сомдаған мәдениет үйінің театр әртісі Арай Ерсары өзіне міндеттелген жауапкершілікті аса шеберлікпен орындап, көрермендер ықыласына бөленді. Қыз бала болса да техниканың тілін толық меңгерген, "Социалистік" совхоздың белді механизаторының рөлін ойнаған Қымбат Әуезхан да әртістік қабілетінің арқасында өнер сүйер қауымның алғысын арқалады. Қара бастың қамы үшін қулық-сұмдықты ұйымдастырып, жалған жолмен үлкен олжаға кенелем деп, бірлігі мен ынтымағы жарасқан отбасының шырқын бұзған орыс жігітінің өтірікке толы өмірін бейнелеген Нағашыбай Сейілхан да шынайы өмірде жалғандыққа жаны қас болса да режиссердің бер-



ген рөлінен бас тартпай, нақышына келтіріп ойнап шықты. Бұл рөл өзіне ерсіз көрінгенімен, көрермендер тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Ал, Оңғар Жоламанов, Базар Әлімбаев, Сапура Әлібекова, Жаңажыл Кемелтаевалар да аталмыш қойылымның мазмұнын көркемдеп, сахна шырайын аша түсті.

**Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.**

Жанкелдин ауданы.



**БОС ЛАУАЗЫМ**

"Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Науырзым ауданы Шолақсай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, санаты Е-Г-3, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** Қоғамдық жұмыстарға қаулы жобаларын құрастыру; қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтарды іріктеу және есебін жүргізу, олардың жұмысын бақылауды жүзеге асыру; жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру және есебін жүргізу; жоғары тұрған органдарға қоғамдық жұмыстар бойынша ай сайынғы есепті ұсынады, егіс және егін жинау науқаны бойыншы күнделікті есепті ұсынады; елді мекенді абаттандыру бойынша ЖШС және шаруа қожалығы басшыларымен жұмыс жүргізеді; төтенше жағдайлар жұмыстарына бақылау жасайды. Жер, мүлдікті және көліктік салықтарды жинауды жүзеге асырады. Жергілікті бюджетке салық сомаларын толық көлемде және уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді. Түбіртектердің дұрыс толтырылуын және сақталуын қамтамасыз етеді. Науырзым ауданы бойынша Салық басқармасына пайдаланған түбіртектер, сондай-ақ жергілікті бюджетке аударылған салық сомасы туралы есепті уақытылы ұсынады. Ішкі саясат саласындағы жұмысты реттейтін Қазақстан Республикасы Президенті актілерін, Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің тапсырмаларын, аудан әкімі және ауылдық округ әкімі өкімдерін орындауды бақылауды жүзеге асырады. Мемлекеттік рәміздердің және үгіт насихаттың қалпына жауап береді. Әскери есепті жүргізеді.

**Конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық, агрономия, тауртану, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету) білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық, агрономия, тауртану, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету) білімі барларға рұқсат етіледі.

**БОС ЛАУАЗЫМ**

"Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Науырзым ауданы Өлеңді ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, санаты Е-Г-3, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** Аудан әкімінің, аудандық ұйымдардың өкімдері мен шешімдерін орындауға көмек көрсетеді. Қоғамдық жұмыстарға қаулы жобаларын құрастыру; қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтарды іріктеу және есебін жүргізу, олардың жұмысын бақылауды жүзеге асыру; жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру және есебін жүргізу; жоғары тұрған органдарға қоғамдық жұмыстар бойынша ай сайынғы есепті ұсынады; егіс және егін жинау науқаны бойыншы күнделікті есепті ұсынады; елді мекенді абаттандыру бойынша ЖШС және шаруа қожалығы басшыларымен жұмыс жүргізеді; төтенше жағдайлар жұмыстарын бақылайды. Жер, мүлдікті және көліктік салықтарды жинауды жүзеге асырады. Жергілікті бюджетке салық сомаларын толық көлемде және уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді. Түбіртектердің дұрыс толтырылуын және сақталуын қамтамасыз етеді. Науырзым ауданы бойынша Салық басқармасына пайдаланған түбіртектер, сондай-ақ жергілікті бюджетке аударылған салық сомасы туралы есепті уақытылы ұсынады. Ішкі саясат саласындағы жұмысты реттейтін Қазақстан Республикасы Президенті актілерін, Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің тапсырмаларын, аудан әкімі және ауылдық округ әкімі өкімдерін орындауды бақылауды жүзеге асырады. Мемлекеттік рәміздердің және үгіт насихаттың қалпына жауап береді. Оралмандармен жұмыс жасайды. Жеке қолсалқы шаруашылық статистикалық есебін жүргізеді.

**Конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:** Жоғары (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық, агрономия, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету) білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі (заңгерлік, экономикалық, педагогикалық, агрономия,

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

- 1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай облысы, Науырзым ауданы,

есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

- 1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік

Қараменді ауылы, Ш.Жәнібек көшесі 1, 206-кабинет, анықтама телефоны: (8-714-54) 79-0-17, факс 21-2-68, электрондық мекенжайы paugzum@kostonay.gov.kz ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол береді.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" ММ персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Науырзым ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Қараменді ауылы, Ш.Жәнібек көшесі, 1, 206-кабинет, анықтама телефоны: (8-714-54) 79-0-17, факс 21-2-68, электрондық мекенжайы paugzum@kostonay.gov.kz ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол береді.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімінің аппараты" ММ персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Науырзым ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**ЕСКЕ АЛУ****Сағынып еске аламыз**

Аяулы әке, ақылшы, қамқоршы, шаңырақтың тірегі **Тоқайұлы Зейнолланың** дүниеден өткеніне быыл 22 ақпан күні 10 жыл толады. Асқар таудай өкеміз тірі болғанда 22 тамыз күні 73 мүшел жасқа толар еді. Тағдырдан асып қайда барасың, айбынды өкемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаудан басқа қолдан келер шара жоқ.

Жанұяны ұйыттың, бірлігі мол.

Балаларың – артыңдағы ұрпағың сол.

Құлындарың, жан-жарың анамызға

Тілегіміз, бір Алла, өзің жар бол!

**Еске алушылар: жұбайы Күйкеш, балалары, немерелері.**

**Ақжарқын жүзінді сағындық**

Аяулы ана, асыл жар, ардақты ақ халатты абзал жан бола білген, Құмкешу ауылының келіні **Құкамбекова Үміткүл Мүсілімқызының** бақилық сапарға аттанғанына да төрт айдың жүзі болды. Осы жылдың 24 ақпанында 51 жасқа толар еді. Басамызға түскен бұл ауыр қайғы қабырғамызды қайыстырып, жан жүрегімізді езіп кетті. Отбасымыздың босағасын тік ұстап, еңсемізді көтеріп келген асыл жанның орны ойсырап қалды.

Осы уақыт аралығында ауылымыздың ақ халатты абзал жан ана халқымызға жанның саулығын беріп, үлкені-кішісінің батасын алып медицина саласында 30 жыл қызмет атқарды. Осындай асыл жанның жары Ихсан және артынан үлгі алған ұлдары Жасұлан, Асхат, Галихан, Уәлихан қызы Нұри-ла әрдайым анасының жарқын жүзін еске алады.

Мейірімді де жанашыр ана алтын асықтай төрт немересінің көзін көріп, ардақты әже атанып, бейнетінің зейнетін көретін шақта мәңгілік сапарға аттанып кеткені жанымызға батады.

Ендігі жерде асыл жан Үміткүл Мүсілімқызының рухына Құран бағыштап, алдынан жәннат бағы ашылсын, иманы өзіне серік болсын тілейміз.

**Асыл ана**

Анажан Әкемізбен шаңыраққа болдың пана.

Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.

Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда.

Сағындық ана, сізді баршамыз да.

Жан-ана, ұлдарың мен қызың Нұриланьң тірегі едің.

Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.

Болмасаң да бүгін біздің жанымызда.

Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы.

Сағынышпен балаларың туған күніңді еске алады.

Өзіңізбен бірге өткен қуанышты күндеріміз.

Жадымызда мәңгіге сақталады.

**(Балалары)**

**ҚОҚАНБЕКОВТАР отбасы.**

**Еске алу**

Өткен жылдың 18 тамызында туған ағамыз **Сейфолла мен** жеңгеміз **Валия Тоқаевтардан** қапыда айырылып қалған едік. Тағдырдың жазғанына амал бар ма, аға-жеңгемізден көз жазып қалғанымызға бүгін тура алты ай толып отыр. Сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, жандары жәннатта болсын дейміз.

Сағыныштан жүрек тулап алқынды, Жылағаннан көз жасымыз таусылды. Жол апаты болған сол түн тамызда, Мәңгілікке жоғалттық екі алтынды. "Бақыт" дейді, бақыт барма жалғанда, Көнеміз ғой, тағдыр басқа салғанға. Өзімізді санаушы едік бақытты Екеуі де ортамызда болғанда. Алла алды өзі берген жандарын Тілейміз біз жұмақтан орын болғанын Туыс, бауыр, достарынан сұраймыз, Дұға оқып, естеріне алғанын

**Еске алушылар:**

**қарындасы – Қымбат және бауырлары мен балалары.**

ТОО "Восток-1" извещает своих участников о проведении внеочередного собрания. Собрание состоится 12 марта 2015 года, по адресу: Костанайская область, Мендыкаринский район, село Михайловка, Дом культуры. Начало собрания - 11.00 часов.

Повестка дня:

1. О проведении кредитных ресурсов в ТОО "Кредитное товарищество "Боровское" на сумму 67 740 000 (шестьдесят семь миллионов семьсот сорок тысяч) тенге, путем составления дополнительных соглашений к открытой кредитной линии либо открытию новой кредитной линии в ТОО "Кредитное товарищество "Боровское" на условиях предлагаемых ТОО "Кредитное товарищество "Боровское".

2. О заключении или перезаключении Договора о залоге имущества, земель сельхозназначения, автотранспорта, сельхозтехники и другого имущества, принадлежащего ТОО "Восток-1" на условиях ТОО "Кредитное товарищество "Боровское" и предоставления в обеспечение займа ТОО "Кредитное товарищество "Боровское" и в обеспечение обязательств ТОО "Кредитное товарищество "Боровское" перед АО "Аграрная кредитная корпорация". Предоставление ТОО "Кредитное товарищество "Боровское" и АО "Аграрная кредитная корпорация" права на внесудебную реализацию передаваемого в залог имущества в случае неисполнения ТОО "Восток-1" обязательств перед ТОО "Кредитное товарищество "Боровское".

3. Предоставление полномочий на подписание дополнительных соглашений, кредитной и залоговой документаций от имени ТОО "Восток-1" Амантаеву Джамбулу Сактарбековичу.

**Администрация ТОО "Восток-1".**

ТОО "Восток-1" извещает своих участников о проведении очередного собрания. Собрание состоится 27 марта 2015 года, по адресу: Костанайская область, Мендыкаринский район, село Михайловка, Дом культуры. Начало собрания - 11.00 часов.

Повестка дня:

1. Отчет исполнительного органа о результатах финансово-хозяйственной деятельности за 2014 год.

2. Утверждение годовой финансовой отчетности за 2014 год.

**Администария ТОО "Восток-1".**

Нотариус г.Костанай, Умурзаков К.Т., сообщает об открытии наследства после смерти Валиевой Багитжамал Бахитжановны, умершей 28 марта 2014 года, наследников умершей просит обратиться к нотариусу для принятия наследства по адресу: г.Костанай, ул.Тарана, 114, каб.9. Тел. 39-04-50.



❖ ❖ ❖ Әріптес әлемі ❖ ❖ ❖

# Гүлжібек

Сәлім  
МЕНДІБАЙ

1997 жылы Қостанай облыстық телеарна-сынан сол телерадиокомпанияның журналисі Гүлжібек Бекмұхамедованың «Әке аманаты» деген деректі фильмі экранға шығарылды. Сол фильмнің тұсаукесеріне қатысқан Қазақстан Республикасының Президенті баспасөз қызметінің сол кездегі сектор меңгерушісі Аяған Сандыбай: «Республикамызда 20 мыңнан астам журналист бар, бірақ, әзірге солардың бірде-бірі өзінің әкесі туралы фильм түсірген жоқ. Ондай іс Гүлжібектің қолынан келгені көңілге қуаныш ұялатады...», – деген еді.

– Әкем туралы кино түсіру идеясы менің ойыма бірден келе қойған жоқ, – деп еді аталмыш фильмнің авторы Гүлжібек Бекмұхамедова, – 1995 жылы Әулікөлде осыдан қырық жыл бұрын менің әкем Бәйеке Бекмұхамедов директоры болған қазақ мектебінің үлкен мерейтойы атап өтілді. Сонда кеш салтанатын жүргізушілер бұл шараға оның қызы – менің де қатысып отырғанымды хабарлаған сәтте мені кезінде әкемнің шәкірті болған азаматтар қоршап алды. Олар әкем туралы көптеген естеліктер айтты. Өзім оның қызмет істеп жүрген жастау кезін аса жақсы біле қоймаймын, өйткені жасым ондардан енді асып, есімді жиған кезімде ол зейнеткерлік демалыста болатын. Бірақ, әкемнің қарап отырмай, көп жазатыны есімде, оның сол еңбектері, мақалалары сақталып қалған. Ол жаратылысынан философ адам еді. Әкемнің достары мен оқушыларының «Сен адамдар туралы көптеген телеочерктер шығарып жүрсің ғой, Бәйеке туралы да бір тұщымды дүние жасасаң етті» деп қамшылауы, өзімнің оның еңбектерімен тереңірек танысуым мені осындай іске итермелей берді. Оны білетін көптеген адамдармен кездесіп, ол болған жерлерге де бардым. Қайда барсам да достары мен оқушылары мені фамилиямнан-ақ танып, әкемнің өмірбаянының кейбір кезеңдерінен көптеген естеліктер айтты. Сөйтіп, ол туралы өзім біле бермейтін тың деректер жинап алдым. Қалай болғанда да, бұл фильмді түсіруді ол әкем болғандығынан ғана емес, оның еліне еңбегі сіңген, нағыз қайраткер азамат болғандығына көзім жеткен соң қолға алдым...

Ал Бәкең болса, өз дәуірінің әр тұлғаларының бірі еді, кезінде Павлодар облысында басшылық қызметте болды. Ертіс аудандық, Май аудандық партия комитеттерін басқарды. Баянауыл ауданын басқарғанда академик Қаныш Сәтпаевпен танысып, сырласып, достасып кетіп еді. Қанекең алғыр, дүниетанымы кең, шешімді, іскер Бәкеңді ерекше жоғары бағалады.

Білетіндер Гүлжібекті де әкесіне тартқан қабілетті де қайсар қыз деп бағалайды. Ол мектеп бітірісімен журналистік мамандықты қалап, сол кездегі қазақтың маңдайына біткен жалғыз университеті – С.М. Киров атындағы білім ордасының журналистика факультетіне түсті. Оны ойдағыдай аяқтап, Қамысты аудандық «Новый путь» газетінде редактордың орынбасары болып қызмет атқарды. Оның қаламынан шыққан туындыларға кезінде «Партийная жизнь Казахстана» журналы ерекше жоғары баға берген-ді.

Кейін Алматы жоғары партия мектебін қызыл дипломмен бітіріп, тележурналистикаға келді. Келді де осы саланың ең бір жарық жұлдыздарының бірі болды. Олай дейтініміз 1995 жылы ол түсірген Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетов туралы



телеочерк республикалық телефестивальдің жеңімпазы атанды. Телепортрет жанрында түсірілген материалдары бірінен соң бірі «Қазақстан», «Хабар», «Астана», «Мир» мемлекетаралық телекомпаниялары арқылы беріліп жатты.

Гүлжібек бүгінде қырықтан астам деректі тележобалардың авторы. Олардың кейбіреулерінің тұсаукесерінде болып, жұртшылықтың жоғары бағасына кәу болған жанның бірі де өзіміз. Ілияс Омаровтың 100 жылдығына орай түсірілген туындыны ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жоғары бағалап, авторды Ілекеңнің Астанада өтетін мерейтойына құрметті қонақ ретінде шақырып, ерекше сый-сияпат жасап еді. Ал мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Оразалы Қозыбаев туралы туындыны көріп болған бетте, тоқсандағы тарланбоз, Қостанай облысының құрметті азаматы Бертран Рубинштейн:

– Біздің Гүлжібек ерекше талант, туынды мені қатты толқитты, – деп ағынан жарылып еді.

Біздің әріптестің Мемлекеттік рәміздер, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ыбырай ашқан мектептің 150 жылдығы туралы және басқа телефильмдері еліміздің мәдениеті мен тележурналистикасына қосылған сүбелі үлес.

Гүлжібек Бәйекеқызының шебер қолынан шыққан Мұстафа Шоқай, Қаныш Сәтбаев, Бейімбет Майлин, Нұралы Садуақасов, Кенжебек Укин, Гүлбану Абдулина, Мырзағали Ғабдуллин, Омар Баймағамбетов және басқа тұлғалар туралы туындылары да журналистің ерекше табысы.


Біздің Гүлжібек Қостанай меценаттар клубы «Қазына» сыйлығының, облыс әкімі сыйлығының, тағы да басқа мәртебелі марапаттардың иегері. Ол сүйікті жар, абзал ана, мейірбан әже, өз кәсібінің майталман шебері...

Енді, міне, осы айдың 20 күні сағат 15.00-де Ілияс Омаров атындағы Қазақ театрында оның шығармашылық кеші өткелі отыр.

**СУРЕТТЕ: республикалық және облыстық шығармашылық конкурстардың лауреаты Гүлжібек Бекмұхамедова**

## • СПАРТАКИАДА - 2015

# Таза ауа – жанға дауа



1 бет

Оны өздеріңіз де бүгін көріп отырсыздар.

Осылай қысқа-нұсқа жауап берген Ахметбек Масақбайұлы 3 шақырымға шаңғымен жүгіргелі жатқан командаластарына дем бермекші боп со жаққа қарай беттеді. Біз де соңынан қалмай шаңғы спортының стайерлеріне тұра шаптық.

Сүт пісірім уақыттан кейін шаңғышылардың қарасы көрінді. Әп дегеннен ытқып ала жөнелген «Қостанай-Су» МҚК директорының орынбасары Игорь Киселев ешкімді алға түсірместен алғаш мәре сызығын қиды. Содан соң іле-шала қалалық спорт бөлімінің басшысы Нұржан Ермағамбетов жетті.

– Бұл бір керемет жарыс болды, – деді бізге әлі алқынғанын баса алмай риза болған Игорь Киселев. – Өзім де үздік үштікке ілінетінімді жорамалдағанмын. Ал міне, қараңыз, тактикаға жүгініп, бірінші орынды жеңіп алдым. Шаңғы спортымен бұрыннан айналысамын. Со-сын ғой оң жамбасыма келгені.

Спартакиада спорттың 6 түрін қамтыды. Шағын футбол, шахмат, үстел теннисінен өткен жарыстар бұған дейін өтіп, қорытындыланғаны бұған дейін хабарлағанбыз. Волейболдан жарыс әлі жалғасуда. Ал, спартакиаданың жалпы командалық есебінің қорытындысы наурыз айында жарияланбақ.

### Шағын футбол

- 1 орын – Ішкі істер департаменті;
- 2 орын – Білім бөлімі;
- 3 орын – Қала әкімінің аппараты.

### Шахмат

- 1 орын – Білім бөлімі;
- 2 орын – Қала әкімінің аппараты;
- 3 орын – Прокуратура.

### Үстел теннисі

- 1 орын – Қала әкімінің аппараты
- 2 орын – «ҚЖЭК» МҚК;
- 3 орын – Білім бөлімі.

## Лисаковта құқықтық фестиваль өтті

Лисаков қаласында полицияның жас көмекшілерінің фестивалі болып өтті. Слетті ұйымдастырушылар Лисаков қалалық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері.

Биыл фестиваль аясы кеңейе түсті. Бір ай бойына полицияның жас көмекшілерінің сегіз отряды Лисаковтағы мектептерде болып, салауатты өмір салтының пайдасы туралы әңгімелер өткізіп, ұнарақтар таратты. Құқықтық фестиваль мерекелік концертпен аяқталды.

Лисаков ҚІБ бастығы полиция подполковнигі Нұрлан Байқасов полицияның жас көмекшілерінің тәртіп сақшыларына белсене көмек беріп жүргенін айтып өтті. Жыл басынан бері көмекшілерге толмағандар істері жөніндегі инспекторлар жас көмекшілермен бірлесіп, 21 рейд өткізді. Рейдтер барысында оқу орындарының ережесін бұзудың 8 фактісі анықталды. Сондай-ақ, полицияның жас көмекшілері мектептерде құқықтық фестивальдер ұйымдастырады.

### Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті  
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор  
**ЖАНҰЗАҚ  
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69  
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65  
Шығарушы редактор: 54-63-14  
Жауапты хатшы: 54-33-22  
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

### Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68  
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42  
Фототілшілер: 54-73-36  
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25  
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88  
Компьютер орталығы: 54-54-45  
Корректур: 54-39-49

### Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91  
Рудныйда: 5-57-60  
Аманкелдіде: 2-17-40  
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02  
Сарыкөлде: 2-25-17

### Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,  
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.  
(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.  
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.  
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым.  
Бағасы келісім бойынша.